

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 1 беті

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы 8D10140-
 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)
 дәрежесін алу үшін Иманалиева Салтанат Маршаловнаның **«Стероидты емес
 қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау
 және биофармацевтикалық зерттеу»** тақырыбындағы диссертациясын
 қорғауға жиналған диссертациялық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ №4

Шымкент қаласы

«18» маусым 2026 жыл

Диссертациялық кеңестің отырысына диссертациялық кеңестің 7 мүшесінен 7 мүшесі қатысты, соның ішінде қарастырылып отырған диссертация саласында ғылым докторларының саны – 3, ғылым кандидаттарының саны – 2.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған Иманалиева Салтанат Маршаловнаның **«Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу»** тақырыбындағы диссертациясын қорғау.

Диссертациялық Кеңестің төрайымы: Шертаева Клара Джолбарисовна, фарм.ғ.д., профессор.

Ғалым хатшы: Орынбасарова Кулпан Кенжебаевна, фарм.ғ.к., профессор.

Диссертациялық Кеңестің төрайымы Шертаева Клара Джолбарисовна: Қайырлы күн! Аса құрметті Диссертациялық Кеңес Мүшелері және қонақтар!

Бүгін Диссертациялық Кеңес мәжіліс залында 8D10140-«Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық Кеңестің тұрақты мүшелері қатысып отыр:

Диссертациялық кеңес **төрайымы – Шертаева Клара Джолбарисовна**, фарм.ғ.д., «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару» кафедрасының профессоры, «ОҚМА» АҚ, Шымкент қаласы, Қазақстан.

Диссертациялық кеңес **ғалым хатшысы – Орынбасарова Кулпан Кенжебаевна**, «Дәрілер технологиясы және фармакогнозия» кафедрасының профессоры, фарм.ғ.к., «ОҚМА» АҚ, Шымкент қаласы, Қазақстан.

Диссертациялық кеңестің **тұрақты мүшесі – Ордабаева Сауле Кутимовна** – «Фармацевтикалық және токсикологиялық химия» кафедрасының меңгерушісі, фарм.ғ.д., профессор, «ОҚМА» АҚ, Шымкент қаласы, Қазақстан. Ол кісі онлайн қатысып отыр.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 2 беті

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесі – **Умурзахова Галия Жанбурбаевна** – PhD, «Фармация ісін ұйымдастыру және басқару» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «ОҚМА» АҚ, Шымкент қаласы, Қазақстан.

Ғалым хатшысы – **Орынбасарова Кулпан Кенжебаевна** – «Дәрілер технологиясы және фармакогнозия» кафедрасының профессоры, фарм.ғ.к., Шымкент қаласы, Қазақстан.

Аталған қорғауға байланысты Диссертациялық Кеңестің уақытша мүшелері ректордың 2026 жылғы 6 мамырдағы №87ө бұйрығымен «8D10140-Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша бекітілді:

1. Максудова Фируза Хуршидовна – фармация ғылымдарының докторы, профессор, Ташкент фармацевтикалық институтының тәжірибе жөніндегі проректоры, дәрілік құралдардың өндірістік технологиясы кафедрасының меңгерушісі (Ташкент қ., Өзбекстан).

2. Джумагазиева Ардак Бисенбаевна - философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ микробиология зертханасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

3. Картбаева Эльмира Бекболовна - философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ фундаменталды медицина кафедрасының зерттеуші-доценті (Алматы қ., Қазақстан).

Бүгінгі мәжілісте келу парағы бойынша Диссертациялық кеңестің 7 мүшесінен 7 адам қатысып отыр.

Осылайша, Диссертациялық кеңес мәжілісін өткізу үшін кворум бар.

Сонымен қатар, диссертациялық кеңес мәжілісінде ғылыми кеңесшілер қатысып отыр:

Отандық ғылыми кеңесші:

1. Сагиндыкова Баян Ахметовна - фармация ғылымдарының докторы, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ дәрілер технологиясы және фармакогнозия кафедрасының профессоры, Азиялық ғылым академиясының академигі, Халықаралық ғылым академиясы Әзірбайжан секциясы академигі (Шымкент қ., Қазақстан).

Шетелдік ғылыми кеңесшісі:

1. Каухова Ирина Евгеньевна - фармация ғылымдарының докторы, Санкт-Петербург мемлекеттік химия-фармацевтикалық университеті Юрий Карлович Сандер атындағы Дәрілердің өндірістік технологиясы кафедрасының профессоры (Санкт-Петербург қ., Ресей Федерациясы). Ирина Евгеньевна онлайн қатысып отыр.

Сонымен қатар, Диссертациялық кеңестің мәжілісіне **ресми рецензенттер** қатысып отыр.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 3 беті

Сакипова Зурияда Бектемировна – фармация ғылымдарының докторы, профессор, «С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ Фармация мектебінің деканы (Алматы қ., Қазақстан);

Итжанова Хорлан Искожиевна - фармация ғылымдарының докторы, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Фармация мектебінің доценті (Қарағанды қ., Қазақстан).

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының» АҚ 8D10140-«Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес мәжілісін ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Бүгін күн тәртібінде - философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған **Иманалиева Салтанат Маршаловнаның** «Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу» тақырыбындағы диссертациясын қорғау.

Диссертация «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Фармация факультетінің «Дәрілер технологиясы және фармакогнозия» кафедрасында орындалды.

Докторанттың аттестациялық іс құжаттарын жариялау үшін Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы «Дәрілер технологиясы және фармакогнозия» кафедрасының профессоры, фарм.ғ.к., Орынбасарова Кулпан Кенжебаевнаға сөз беріледі (5 минут).

Орынбасарова Кулпан Кенжебаевна: Саламатсыздар ма! Аса құрметті диссертациялық кеңестің төрайымы, диссертациялық кеңестің мүшелері!

Диссертант Иманалиева Салтанат Маршаловнаның жеке ісінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті талап етілген тізімдеме бойынша барлық құжаттар жинақталған. Тиісті құжаттар белгіленген мерзімде тапсырылды. Диссертанттың жеке мінездемесімен таныстырып шығуға рұқсат етіңіздер:

Иманалиева Салтанат Маршаловна, 1988 жылы 11 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы, Бөген елді мекенінде қарапайым отбасыда дүниеге келген. Отбасылық жағдайы - тұрмыста, 3 баланың анасы.

1993-2004 жылдар аралығында Ж.Жабаев атындағы орта мектебінде білім алып, алтын белгімен аяқтаған.

2004-2009 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармация академиясында бакалавр мамандығын үздік дипломмен тамамдаған (дипломның GPA балы – 3,65).

2010-2012 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан фармацевтика академиясында 7M10142 - «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша магистратураны үздік аяқтаған (дипломның GPA балы – 3,5).

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 4 беті

2020 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, дәрілер технологиясы кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарып жатыр.

2021-2024 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан медицина академиясында 8D10140 - «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторантурасында оқыған (GPA балы - 3,59).

2023 жылдың мамыр айында 8D10140 - «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Санкт-Петербург химия-фармацевтикалық мемлекеттік университетінде фармация ғылымдарының докторы, профессор Каухова Ирина Евгеньевнаың басшылығымен ғылыми тағылымдамадан өткен.

Диссертант Иманалиева Салтанат Маршаловнаның диссертация жұмысының тақырыбы: «Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу». Диссертация тақырыбы Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының 29.12.2021 жылғы №5 ғылыми кеңес мәжілісінде бекітілген (Бұйрық №1002, 30.12.2021 жыл).

Диссертация тақырыбы бойынша 9 ғылыми басылымдарда еңбектері жарияланған: олардың ішінде 1 мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымда; 2 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған 2-ші тізімдегі журналдарда, 6 мақалалар мен тезистер халықаралық конференцияларда жарияланды.

Зерттеу-іздену жұмыстары бойынша Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында инициативті "Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу" тақырыбында жоба тіркелді. Мемлекеттік тіркеу нөмірі: 0123РКИ0297, 23.06.2023 күні бекітілген.

«Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК орталығында пайдалы модель патенті бекітілді. 2025 жылғы 20 маусым №9490 «Қабынуға қарсы, анальгетикалық және ыстықты түсіретін әсері бар балаларға арналған қатты дәрілік қалыптың ядросының құрамы».

Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік алынды. 2024 жылғы 23 шілде №48562 «Разработка трансдермальных пластырей с противовоспалительным, болеутоляющим действием для детей».

«ОҚМА» АҚ дәрілер технологиясы және фармакогнозия кафедрасында «Ауырсынуды басатын және қабынуға қарсы әсері бар трансдермальды пластырлер алу» технологиясы «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша оқу процессіне енгізілгені туралы акт алынды.

Диссертанттың жеке ісінде «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «Фармация» ғылымдық комитетінің кеңейтілген кеңесінің «оң»

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 5 беті

қорытындысы бар (Хаттама №2, 16.05.2026 жыл); және берілген хаттаманың шешіміне сай диссертациялық жұмыс қорғауға ұсынылған.

"Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында" АҚ докторанттың диссертациясына салыстырмалы-сәйкестіліктер бойынша талдау жүргізілген. Талдау нәтижесінде сәйкестіктер анықталмады (анықтамасы жеке іс құжаттарында тіркелген).

Осылайша, Иманалиева Салтанат Маршаловнаның жеке ісінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің "Ғылыми дәрежелер беру қағидаларында" белгіленген талаптарға толық жауап беретін барлық қажетті құжаттар тіркелген.

Назар салып тыңдағандарыңыз үшін алғыс білдіремін!

Шертаева Клара Джолбарисовна: Рахмет, Кулпан Кенжебаевна!

Ізденушінің жеке іс құжаттары бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сұрақтар жоқ. Диссертациялық жұмысының негізгі нәтижелерін баяндау үшін Иманалиева Салтанат Маршаловнаға сөз беріледі. Сізге диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелерін баяндау үшін 20 минут уақыт беріледі.

Ізденуші: Саламатсыздар ма, аса құрметті диссертациялық кеңес төрайымы, диссертациялық кеңес мүшелері, қатысушылар!

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Балалардың әрбір жас тобындағы анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері ауырудың ағымына, дәрілік құралдардың фармакокинетикалық және фармакодинамикалық көрсеткіштеріне маңызды әсер етеді.

Европалық комиссия мәліметтері бойынша балаларға тағайындалатын дәрілердің 50-90% осы жас топтарында ешуақытта тестіленбеген және балалар үшін дәрілік құралдың әсерлігі мен қауіпсіздігі арнайы тексерілмеген.

Балалар жасындағы әлеуметті - маңызды ауырулардың бірі - тірек-қимыл жүйесінің ауырулары болып табылады, оның ішінде балалар ревматологиясында ең кең тараған ревматикалық ауырулардың бірі - ювенильді ревматоидты артрит (ЮРА).

ЮРА балаларда 16 жасқа дейін жетіледі, созылмалы ауыр прогрессивті жүруімен сипатталады және ауыру ағымы бойынша болжам нашар. Әлемнің әр елінде ЮРА кездесу жиілігі 0,05-тен 0,8% -ға дейін, ауыру – жылына 100 000 балалар арасында 2-ден 16-20 жағдайға дейін, өлім жағдайы – 0,5-1%-ке дейін шаманы құрайды.

Стероидты емес қабынуға қарсы препараттар (СЕКҚП) осы сырқатты емдеудің негізі болып табылады және 50-70% жағдайда қанағаттанарлық клиникалық әсер көрсетеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 6 беті

Ювенильді ревматоидты артрит ауыруында қолдану көрсетіліміне енгізілген препараттың бірі –мелоксикам.

Мелоксикам ЦОГ-2 селективті ингибиторы болып саналады,ересек науқастарда басқа СЕҚҚП салыстырғанда ауырсынуға қарсы айқын әсер көрсетеді және жанама әсерлер қаупі төмендігі мен шеміршек тініне препараттың зиянды әсерінің болмайтындығы бойынша мелоксикам осы кластағы ең қауіпсіз препараттың бірі болып есептеледі.

Қазақстан Республикасы фармацевтік нарығында мелоксикамның келесі препараттары тіркелген: ампулаларда препараттың 23 атауы; таблеткада– 31; суппозиторийде – 2; гель – 2; крем – 3 дәрілік түрлері. Бұл тізімде балаларға арналған мелоксикам препараттары анықталмады.

Осыған байланысты мелоксикамның балаларға арналған дәрілік препараттарын жасау және биофармацевтикалық зерттеу фармацевтік ғылым мен практика үшін өте маңызды мәселе болып табылады.

Зерттеу мақсаты: Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу.

Осыған байланысты **зерттеу міндеттері** анықталды.

Қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің негізгі қағидалары слайдта көрсетілді.

Біздің зерттеулерімізде Қазақстандағы демографиялық жағдайды талдау нәтижесінде негізгі демографиялық көрсеткіштер анықталды: халықтың жалпы саны, табиғи өсімі, көші-қон өсімі, туылғандар саны (балалар), қайтыс болғандар саны (балалар).

Қазақстанда туу көрсеткішінің өсуі,бала өлімінің әлі де болса жоғары деңгейі сақталуы балаларды арнайы дәрілік құралдармен қамтамасыз ету жағдайына үлкен мемлекеттік қолдау қажеттігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасында науқастарды, оның ішінде балаларды, дәрілік құралдармен қамтамасыз ету жағдайын зерттеу мақсатында дәрілік құралдармен қамтамасыз етуді реттейтін нормативті құжаттарға және балалар ауруханасы деңгейінде балалардың дәрілік препараттармен қамтылу мәселелеріне талдау жасалды.

ҚР дәрілік құралдар мен медициналық бұйымдардың мемлекеттік реестрінде тіркелген және қолдануға рұқсат етілген дәрілік препараттардың жалпы саны 7987, оның ішінде балаларға арналған арнайы дозада тек 23 дәрілік препарат ғана тіркелгені анықталды.

АДҚЕ тізіміне тегін және жеңілдетілген дәрілік құралдармен қамтамасыз ету бойынша, дәрілік препараттардың 1100 атауы енгізілгені, , ал оның ішінде балаларға арналған 19 дәрілік препарат ғана тіркелген.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 7 беті

ҚҰДФ-ға балалар үшін дозалардағы препараттардың номенклатурасы барлығы 6852 дәрілік препарат құрайды, олардың ішінде 25 дәрілік препарат педиатриялық тәжірибеге арналған.

Әрі қарай облыстық балалар ауруханасының 6 балалар бөлімшелерінде балаларға арналған дәрілік препараттардың, оның ішінде отандық өндірушілер шығаратын дәрілік препараттардың номенклатурасын анықтау және балаларды дәрілік қамтамасыз ету бойынша зерттеулер жүргізілді. Балаларға тағайындалған дәрілік құралдардың дозасын талдау кезінде дәрілік препараттардың «off-label-use» тағайындалатыны анықталды.

Денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярында балалар үшін арнайы тағайындалатын дәрілік құралдар табылмады.

Осыдан кейін ОБА-да 0-14 жас тобындағы балалар мен 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдердің арасында кездескен ауырулардың маңызды топтары бойынша науқастардың ауыру тарихтарына талдау жүргізілді.

Бұл зерттеулерде отандық фармацевтік өндіріс балаларға арналған арнайы дәрілік препараттар шығармайтындығы және пациенттердің бұл тобы балалар дозаларында дәрілік препараттардың жеткілікті ассортиментімен қамтамасыз етілмегендігі анықталды.

Балалар жасындағы әлеуметті - маңызды ауырулардың бірі - тірек-қимыл жүйесінің ауырулары болып табылатынын жоғарыда айтып кеттік.

Халықаралық дәрілік нұсқаулықтар мен клиникалық деректерде ювенильді идиопатиялық/ревматоидты артрит ауыруларында мелоксикамды қолдану бойынша ғылыми негізделген мәліметтер келтірілген.

Пациенттерді кешенді емдеу кезінде нейротропты қасиеттердің кең спектріне ие В тобы витаминдері сығылған немесе ишемияға ұшыраған зақымдалған жүйке өзегінің репаративті процестерін жылдамдатуға, ауырсынуды басатын препараттардың әсерін күшейтуге ықпал етеді. Анальгетиктер мен СЕКҚП үйлестіре бірге қолдану емдеу мерзімін қысқартады және қосымша ауырсынуды басатын препараттарды қолдану қажеттілігін төмендетеді.

Осы ғылыми зерттеу нәтижелерін ескере отырып, біздің зерттеулерімізде мелоксикамның ауырсынуды басатын әсерін күшейту мақсатында цианокобаламин таңдалды.

«Химфарм» АҚ ғылыми зерттеу сараптама орталығында балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген таблеткаларының құрамын және технологиясын жасау бойынша зерттеулер жүргізілді.

Қосымша заттар таңдау және мелоксикам таблеткаларын престеу тәсілін таңдау мақсатында мелоксикамның және цианокобаламиннің, сонымен бірге қосымша заттардың физико-химиялық және көлемдік –технологиялық қасиеттері анықталды. Нәтижелер слайдта берілген.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 8 беті

Сонымен, негізгі дәрілік және қосымша заттардың әртүрлі үйлесімдерін қолдана отырып, таблетка-ядролардың 5 модельді лабораториялық үлгілері жасалды. Әрбір лабораториялық үлгі үшін таблетка-ядролардың жеке технологиясы жасалды.

Дайындалған таблеткалық массада «ADEPT MINI PRESS таблеткалық преста таблетка-ядролардың 5 модельді үлгілері преста» таблеткалық преста таблетка-ядроларды престау процессі кезінде бірден салмағы, биіктігі, диаметрі, беріктігі бойынша автоматты түрде бақылап отырады. Таблетка-ядролардың сапалық көрсеткіштері статистикалық өңделді.

Тиімді құрам таңдау үшін таблетка-ядро құрамынан мелоксикамның босап шығу жылдамдығы анықталды. Таблетка-ядролардан мелоксикамның 5 модельді үлгіден босап шығу профилдері слайдтарда көрсетілген.

Таблетка-ядроларды технологиялық көрсеткіштері мен еру профилдерін зерттеу нәтижесінде қабықшамен қаптауға жарамды модель үлгісі таңдалды.

Таблетка - ядроларды қабықшамен қаптау үшін Опадрай® жұқа ұнтақ тәріздес пленкатүзгіш зат қолданылды. Опадрай® 03F28446 қоспасының суспензиясы дайындалды және BG 10 (Германия) қондырғысында қабықшамен қаптау жүргізілді.

Таблетка –ядроларды қабықшамен қаптаудың технологиялық параметрлері таңдалды және олар слайдта берілген.

«Химфарм» АҚ ғылыми зерттеу сараптама орталығында мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген пленкалы қабықшамен қапталған таблеткаларының технологиясы жасалды. Алынған таблеткалар ақшыл сары түсті, иіссіз, екі жағы да шығыңқы, дөңгелек формалы, диаметрі 5,0 мм және биіктігі 3,0 мм, орташа салмағы 62,0 мг пленкалы қабықшамен қапталған таблеткалар.

Әрі қарай «Химфарм» АҚ №3 таблеткалық цехында мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген пленкалы қабықшамен қапталған таблеткаларының тәжірибелік-өндірістік технологиясын апробациялау жүргізілді.

Өндірістік цехта өндірістік процестің ,технологиялық қондырғылардың және бөлмелердің идентификациясы GMP талаптары бойынша Стандартты операциялық процедураларға сәйкес орындалды.

Таблеткалардың тәжірибелік-өндірістік сериясын алу үшін дәрілік және қосымша заттардың мөлшері 1 тиеуге 2500 г таблеткалық массаға есептеліп, дайындалды. Дайындалған таблеткалық масса пуансондардың диаметрі 5 мм ZPW 29 автоматты таблет-преста преста».

Таблеткалық преста таблетка-ядроларды престау кезінде таблетка үлгісін бірден салмағы, биіктігі, диаметрі, беріктігі бойынша бірден автоматты түрде сапалық бақылаудан өткізіп отырды. Таблетка-ядролардың сапасын анықтау

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 9 беті

нәтижелері слайдта берілген. Олар тиісті талаптарға сәйкес және статистикалық өңделген.

Таблетка–ядроларды қабықшамен қаптаудың технологиялық режимі таңдалды және BG 80 қондырғысының басқару панелінде тиісті параметрлер бекітілді. Қабықшамен қаптау процессі «дозалау – айналдыру – кептіру» режимінде таблеткалардың орташа салмағы 2,5 %-ке көтерілгенге дейін жүргізілді.

Таблеткалардың тәжірибелік- өндірістік сериясының сапасын анықтау ЖШС«BioEtica» сынақ орталығында жүргізілді.

Мелоксикамның 3,75 мг цианокобаламинмен 0,002 мг үйлестірілген пленкалы қабықшамен қапталған таблеткаларының сапалық көрсеткіштерінің нақты мәндері алғаш рет анықталды.

Осыдан кейін таблеткалардың сандық анықтау әдістемесін валидациялау жүргізілді. Валидация келесі негізгі көрсеткіштер бойынша жүргізілді: спецификалығы, сызықтылығы, дұрыстығы, прецизиялығы (дәлдігі мен қайталанушылығы), сондай-ақ, ерітінділердің тұрақтылығы, цианокобаламин үшін қосымша анықтау шегі (LOD) және сандық анықтау шегі (LOQ) анықталды.

Дәрілік заттарың сандық анықтау әдістемесін валидациялау нәтижелері ЕАЭО фармакопееясының талаптарына, ICH Q2(R1) «Validation of Analytical Procedures» талаптарына толық сәйкес келеді және құрамында мелоксикам мен цианокобаламин үйлестірілген дәрілік түрлерінің сапасын аналитикалық бақылауға ұсыныла алады.

Әрі қарай мелоксикамның 3,75 мг цианокобаламинмен 0,002 мг үйлестірілген пленкалы қабықшамен қапталған таблеткаларының тұрақтылығы және сақтау мерзімі слайдта көрсетілген НҚ негізінде анықталды.

ICH Q1A(R2) нұсқауларына сәйкес, мелоксикамның 3,75 мг цианокобаламинмен 0,002 мг үйлестірілген пленкалы қабықшамен қапталған таблеткаларының тәжірибелік- өндірістік сериясының физико-химиялық, фармако-технологиялық және биофармацевтикалық көрсеткіштері жеделдетілген сақтау кезінде 40 ± 2 °C температурада, 75 ± 5 % (RH) салыстырмалы ылғалдылық жағдайында 6 ай бойына тұрақтылығы зерттелді. Бұл мерзім табиғи жағдайда сақтаудың 24 ай мерзіміне сәйкес келеді.

Балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген қабықшамен қапталған таблеткаларының клиникаға дейінгі зерттеулері ТашФармИ жанындағы ғылыми-зерттеу орталығы базасында жүргізілді. Зерттеулер нәтижесінде препараттың жедел уыттылығы және арнайы белсенділігі бағаланды. Таблеткалардың жедел уыттылығын эксперименттік зерттеу нәтижесінде препарат улылығы төмен дәрілік құралдардың 4 классына жататыны анықталды.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 10 беті

Балаларға арналған мелоксикамның 3,75 мг цианокобаламинмен 0,002 мг үйлестірілген пленкалы қабықшамен қапталған таблеткаларының арнайы белсенділігін зерттеу асептикалық гистаминдік қабыну моделі және асептикалық каррагениндік қабыну модельдерінде жүргізілді.

Таблеткалардың арнайы белсенділігін зерттеу нәтижелерінде асептикалық гистамин-индукцияланған қабыну және каррагенин-индукцияланған қабыну модельдерінде таблеткалардың қабынуға қарсы белсенділігі жоғары екені анықталды. Бұл мелоксикам дәрілік затының цианокобаламинмен үйлестірілуі нәтижесінде қабынуға қарсы әсерінің күшеюі деп жорамалдауға болады. Слайд

Балаларға арналған мелоксикамның 3,75 мг цианокобаламинмен 0,002 мг үйлестірілген пленкалы қабықшамен қапталған таблеткалардың спецификациясы жасалды және Уақытша аналитикалық нормативті құжат жобасы дайындалды.

Әрі қарай, біздің зерттеулерде мелоксикам дәрілік заты мен хондроитин сульфатын үйлестіре отырып, ауырсынуды басатын трансдермальды пластырлер технологиясын жасау мүмкіндіктері зерттелді.

Трансдермальды пластырлер дайындау үшін әртүрлі функциялар орындайтын қосымша заттар таңдалды.

Таңдалған қосымша заттарды қолдана отырып, полимерлі матрицаның 20 үлгісі дайындалды.

Әр үлгі үшін дайындау технологиясы жеке жасалды және технологиялық процестің параметрлері таңдалды.

Дайындалған полимерлі матрицалардың функционалдық қасиеттері анықталды және нәтижесінде 4 полимерлі матрица үлгілері іріктеліп таңдап алынды. Пластырлер дайындау үшін жоғарыда таңдап алынған лабораториялық үлгілер үшін пластырлық массаның құрамы есептелді.

Таңдалған полимерлі матрицалар құрамына мелоксикам және хондроитин сульфаты субстанцияларын қосып, пластырлық массалар дайындалды және пластырлердің функционалдық қасиеттері анықталды.

Тиімді пластырь құрамын таңдау мақсатында лабораториялық үлгілерден мелоксикамның босап шығу жылдамдығы анықталды. Нәтижелер слайдта көрсетілген.

Функционалды қасиеттері және мелоксикамның босап шығу жылдамдығы мен толықтығы бойынша пластырдің тиімді құрамы таңдалды:

Осы құрамда дайындалған мелоксикам мен хондроитин сульфаты үйлестірілген трансдермальды пластырлерінің функционалдық және сапалық көрсеткіштері анықталды және олар пластырлер үшін қойылатын талаптарға сәйкес.

Сонымен, алғаш рет мелоксикам мен хондроитин сульфаты үйлестірілген балаларға арналған трансдермальды пластырлердің технологиясын жасау

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес	044/23(1)	
Стенограмма		43 беттің 11 беті

мүмкіндігі көрсетілді. Дайындалған пластырлердің сапалық көрсеткіштерінің алғаш рет нақты мәндері анықталды және олар мелоксикам мен хондроитин сульфаты үйлестірілген трансдермальды пластырлері үшін негізгі сапалық көрсеткіштер ретінде қолданыла алады.

Қорытындыларға тоқтамауға рұқсат етіңіздер, олар сіздерге берілген. Назарларыңызға рахмет!

Шертаева Клара Джолбарисовна: Рахмет, Салтанат Маршаловна! Құрметті Диссертациялық Кеңестің мүшелері, мархабат, ізденушіге сұрақтарыңыз болса, қоюға болады.

Ордабаева Сауле Кутимовна:

1. Салтанат Маршаловна, Трансдермальды пластырьлерде қосымша заттар қандай қасиеттер бойынша таңдап алдыңыз?

Ізденуші: Сауле Кутимовна, сұрағыңызға жауап беруге рұқсат етіңіз.

Трансдермальды пластырьлердегі қосымша заттар белсенді заттармен үйлесімділігі, қабықша түзу қабілеті, жабысқақтық қасиеті, дәрілік заттың босап шығуын реттеуі, тері арқылы өткізгіштікті арттыруы, механикалық беріктікті қамтамасыз етуі және қауіпсіздігі бойынша таңдалды. Яғни олардың таңдауы тек технологиялық ыңғайлылыққа емес, дәрілік заттың тұрақты босап шығуына, тері арқылы сіңуіне және қолдану кезіндегі қауіпсіздігіне негізделді.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Құрметті Сауле Кутимовна, жауапқа қанағаттандыңыз ба??

Ордабаева Сауле Кутимовна: Ия, келесі сұрағым:

2. Трансдермальды пластырьлердің функционалды қасиеттері қандай көрсеткіштер бойынша анықталды?

Ізденуші: Сауле Кутимовна сұрағыңызға жауап беруге рұқсат етіңіз. Трансдермальды пластырьлердің функционалды қасиеттері: сипаттамасы, біркелкілігі, жабысқақтық қасиеті, теріде ұсталу уақыты, иілімділігі. Бұл көрсеткіштердің жиынтығы пластырьдің технологиялық жарамдылығын, қолдануға қолайлылығын, биофармацевтикалық тиімділігін және сапалық тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік берді.

Ордабаева Сауле Кутимовна: Құрметті диссертант, менің келесі сұрағым:

3. Пластырьлер құрамында мелоксикам мен хондроитин сульфатының дозаларын қалай есептедіңіз?

Ізденуші: Сауле Кутимовна сұрағыңызға жауап беруге рұқсат етіңіз. Трансдермальды полимер матрица лентасының көлемі 10×7×0,2 см болып

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 12 беті

таңдалды. Кесте слайд 43 көрсетілгендей, осы размердегі трансдермальды пластырь құрамына 7,5мг мелоксикам және 1:5 қатынаста хондроитин сульфаты дәрілік заты қосылды. Есептеу жұмыстары 100мл трансдермальды массаға есептеліп жүргізілді, бұл 100мл-ден 7штук трансдермальды масса алынады, сол себепті $7,5 \times 7 = 52,5$ мелоксикам және $52,5 \times 5 = 262,5$ хондроитин сульфаты алынды.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Сауле Кутимовна қанағаттандыңыз ба?

Ордабаева Сауле Кутимовна: ия, қанағаттандым, рахмет.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Тағы кімде сұрақтар бар?

Умурзахова Галия Жанбурбаевна: Клара Джолбарисовна, рұқсат па?

Умурзахова Галия Жанбурбаевна: Салтанат Маршаловна, менде 2 сұрақ бар:

1.Опадрайдың құрамы қандай?

2.Қабықшамен қаптау үшін опадрайдың қанша мөлшері қолданылды және қаптау технологиясы қандай?

Ізденуші: Галия Жанбурбаевна, сұрағыңызға жауап беруге рұқсат етіңіз.

1-жауап: Опадрай – қосымша заттардың қоспасы болып табылатын жұқа ұнтақ тәріздес пленкатүзгіш зат таңдалды. Опадрай құрамына төмендегідей заттар кіреді: гидроксипропилметилцеллюлоза (USP 24) 50-70%, полиэтиленгликоль 400 (ЕФ 2000) 5-10 %, бояғыш пигмент – 20-40%, титан қос тотығы Е 171 (USP 24) немесе басқа пигменттер.

2-жауап: Ең алдымен Опадрай суспензиясы дайындалды. Қабықшамен қаптауға арналған BG 10 (Германия) қондырғысының роторлы барабанына тікелей бункер арқылы таблетка-ядролар тиелді, барабанның айналу жылдамдығы 6 айн/мин жағдайда таблеткаларды шаңнан тазарту жүргізілді, сонан соң таблетка- ядролар 30°C температураға дейін қыздырылды. Айналып тұрған жылы таблетка-ядроларға барабанның айналу жылдамдығы 20-24 айн/мин болатын жағдайда шашыратқыш пистолеттің көмегімен пленкатүзгіш заттың суспензиясы **таблетка-ядро салмағы 2,5% дейін көтерілгенше шашыратылды.** Суспензия берумен бір мезгілде барабанның түбіне 40-50°C температураға дейін қыздырылған ауа жіберіледі. Бұл таблетка-ядролардың тез кебуі мен қабықшаның таблеткалар бетінде біркелкі таралуын қамтамасыз етеді. Таблетка ядроларды қабықшамен қаптау процессін әр 30 минут сайын цехтың химик-аналитик маманы тексеріп отырды.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Галия Жанбурбаевна, жауапқа қанағаттандыңыз ба?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 13 беті

Умурзахова Галия Жанбурбаевна: Ия, жауаптарға қанағаттандым.

Максудова Фируза Хуршидовна: Клара Джолбарисовна, можно вопросы задать?

Шертаева Клара Джолбарисовна: Фируза Хуршидовна, да, конечно.

Максудова Фируза Хуршидовна: у меня несколько вопросов:

1. Другие НПВС не рассматривали для разработки детских лекарственных форм? Ибупрофен? Почему остановились на мелоксикам?
2. Вы изучали лекарственное обеспечение детей лекарственными средствами. До какого возраста в РК дети получают бесплатную медицинскую помощь?
3. Как разрабатывается лекарственный формуляр организации здравоохранения?

Ізденуші: Фируза Хуршидовна, разрешите ответить по вашим вопросам.

1-ответ, Мы не рассматриваем Ибупрофен, Диклофенак, Нимесулид. Диклофенак обычно не рекомендуется использования в педиатрии. Применяют у детей с 8лет до 14лет по назначению врачей детям младшего возраста противопоказан. Нимесулид за рубежом не рекомендуется применять у детей. Ибупрофен уже имеются детские лекарственные формы: Ибупрофен капсулы, Ибупрофен суспензия, Ибупрофен ректальные свечи и др. Поэтому из всех НПВС выбрали мелоксикам.

2-ответ, Да, мы изучали лекарственное обеспечение детей лекарственными средствами. На основе нормативных документов регламентирующих лекарственное обеспечение население РК: это государственный реестр РК, приказ МЗ РК о гарантированном объеме бесплатной медицинской помощи. Согласно приказа об оказании педиатрической помощи детям до 18лет оказывается бесплатная медицинская помощь.

3-ответ, Лекарственный формуляр лечебного учреждения разрабатывается на основе национального лекарственного формуляра РК. Клинический фармацевт совместно со врачами определяет перечень препаратов для включения в лекарственный формуляр больницы.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Фируза Хуршидовна, вы удовлетворены ответами?

Максудова Фируза Хуршидовна: да, спасибо.

Шертаева Клара Джолбарисовна: следующий вопрос у Эльмиры Бекболовны.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 14 беті

Картбаева Эльмира Бекболовна: Құрметті төрайым, менде бірнеше сұрақ бар, қоюға рұқсат етіңіз.

1. Цианокобаламиннің қабынуға қарсы әсері тікелей дәлелденбеген жағдайда, оны композиция құрамына енгізу дәрілік препараттың клиникалық тиімділігін қаншалықты арттырады деп есептейсіз? Бұл шешім қандай дәлелдерге сүйенеді?

Ізденуші: Эльмира Бекболовна, сұрағыңызға жауап беруге рұқсат етіңіз.

Балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген пленкалы қабықшамен қапталған таблеткаларының арнайы белсенділігін зерттеу нәтижелері препараттың эксперименттік асептикалық қабыну модельдерінде: гистамин-индукцияланған қабыну және каррагенин-индукцияланған қабыну модельдерінде қабынуға қарсы белсенділігі Салыстыру үлгісіне қарағанда жоғары екенін айқындады. Бұл мелоксикам дәрілік затының цианокобаламинмен үйлестірілуі нәтижесінде қабынуға қарсы әсерінің күшеюі деп жорамалдауға болады. 36-37 кестеде көрсетілгендей белсенділігі тәжірибелік топта артып, ал қабынуға процессі тәжірибелік топта едәуір төмендеген. Бұл нәтижелер мелоксикамның балаларға арналған таблеткасындағы цианокобаламинмен үйлесуінің нәтижесінде деп түсінуге болады.

Картбаева Эльмира Бекболовна: Келесі сұрағым, жұмыста бірнеше инновациялық дәрілік түр ұсынылған. Егер өндірістік тұрғыдан тек біреуін ғана нарыққа шығару мүмкіндігі болса, қайсысын таңдар едіңіз және неге?

Ізденуші: Эльмира Бекболовна, сұрағыңызға жауап беруге рұқсат етіңіз.

Егер өндірістік тұрғыдан жұмыста ұсынылған дәрілік түрлердің тек біреуін ғана нарыққа шығару мүмкіндігі болса, мен балаларға арналған мелоксикам мен цианокобаламиннің біріктірілген таблеткалық дәрілік түрін таңдар едім.

Себебі таблетка түрі өндірістік енгізу жағынан ең қолайлы және технологиялық тұрғыдан тұрақты дәрілік форма болып табылады. Таблеткаларды өндіру үшін фармацевтикалық өндірісте кең қолданылатын стандартты технологиялық сатылар пайдаланылады: араластыру, түйіршіктеу немесе тікелей престеу, таблеткалау және қажет болған жағдайда қабықшамен қаптау. Сондықтан бұл дәрілік түрді өнеркәсіптік масштабқа көшіру трансдермальды пластырьлермен салыстырғанда жеңілрек.

Сонымен қатар таблеткалар үшін сапа көрсеткіштері фармакопоялық тұрғыдан нақты регламенттелген: сыртқы түрі, орташа массасы, ыдырауы, еруі, дозалау біркелкілігі, сандық мөлшері, микробиологиялық тазалығы және тұрақтылығы анықталады. Бұл дайын өнімнің сапасын бақылауды, стандарттауды және тіркеу процесін жеңілдетеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 15 беті

мен таблетканы таңдар едім, себебі ол өндіріске енгізуге дайындық деңгейі жоғары, сапа көрсеткіштері нақты бақыланады, өндірісі арзан әрі технологиялық тұрғыдан пластырьге қарағанда жеңіл.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Эльмира Бекболовна, жауапқа қанағаттандыңыз ба?

Картбаева Эльмира Бекболовна: Ия, жауаптарға қанағаттандым.

Джумагазиева Ардак Бисенбаевна: Құрметті Кеңес төрайымы, менің де бірнеше сұрақтарым бар, қоюға рұқсат етіңіз.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Ия, Ардак Бисенбаевна, рұқсат.

Джумагазиева Ардак Бисенбаевна:

1. Балаларға арналған таблеткаларды клиникаға дейінгі зерттеу қайда жүргізілді, қандай жануарлар қолданылды? GLP стандарты енгізілген бе?
2. Басқа стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың В тобы витаминдерімен комбинациясы бар ма?
3. Химфарм АҚ таблеткалық цехы GMP талаптары бойынша жұмыс істейді ма? Сізге онда жұмыс істеуге рұқсат берді ма?

Ізденуші: Рақмет Ардак Бисенбаевна, 1-сұрағыңызға жауап беруге рұқсат етіңіз. Балаларға арналған мелоксикам 3,75 мг және цианокобаламин 0,002 мг үйлестірілген қабықшамен қапталған таблеткалардың клиникаға дейінгі зерттеулері Ташкент қаласында, ТашФармИ жанындағы ғылыми-зерттеу орталығы базасында жүргізілді. Зерттеулер қысқартылған клиникаға дейінгі бағдарлама бойынша орындалып, препараттың жедел уыттылығы және арнайы белсенділігі, яғни қабынуға қарсы әсері бағаланды.

Жедел уыттылықты зерттеу үшін салмағы 19–21 г болатын екі жынысты 60 ақ тышқан қолданылған. Нәтижесінде $LD_{50} = 460,2$ мг/кг болып, препарат уыттылығы төмен дәрілік заттардың 4-классына жатқызылған.

Арнайы қабынуға қарсы белсенділікті анықтау үшін ақ егеуқұйрықтар қолданылған. Гистаминдік ісіну моделінде салмағы 140–160 г болатын екі жынысты 18 ақ егеуқұйрық пайдаланылған, жануарлар әр топта 6 бастан бөлінген.

Каррагениндік асептикалық қабыну моделінде салмағы 145–160 г болатын екі жынысты 18 ақ егеуқұйрық қолданылған.

2- сұрағыңыз бойынша Мелоксикамнан басқа да стероидты емес қабынуға қарсы препараттардың В тобы витаминдерімен комбинациялары белгілі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 16 беті

Әдебиеттерде ең көп сипатталған комбинациялардың бірі — диклофенактың тиамин, пиридоксин және цианокобаламинмен біріктірілген дәрілік түрі. Мұндай біріктірілім қабынуға қарсы және анальгезиялық әсерді қамтамасыз ететін СЕҚҚП компонентінен және нейротропты әсер көрсететін В тобы витаминдерінен тұрады. Клиникалық зерттеулерде диклофенак пен В1, В6, В12 витаминдерінің комбинациясы жедел ауырсыну синдромдарында, әсіресе бел аймағының ауырсынуында, диклофенак монотерапиясымен салыстырғанда ауырсынууды төмендету әсерін күшейтуі мүмкін екені көрсетілген. Сонымен қатар соңғы жылдары декскетопрофеннің тиамин, пиридоксин және цианокобаламинмен fixed-dose combination түріндегі біріктірілімі де зерттелген. Осы деректер мелоксикамды В тобы витаминдерімен біріктіру идеясының фармакологиялық тұрғыдан негізді екенін және СЕҚҚП + нейротропты витаминдер комбинацияларының дәрілік технологияда ғылыми қызығушылық тудыратынын көрсетеді.

3-ші сұрағыңыз бойынша Химфарм АҚ мен ОҚМА АҚ арасында Фармацевтикалық кластер бойынша келісімшарт негізінде ғылыми-зерттеу орталығында зерттеу жұмыстарын жүргізуге рұқсат алдық. Сонан соң, тәжірибелік-өндірістік сериясын дайындауда Фармацевтикалық кәсіпорынның Стандартты Операциялық Процедураларымен толық танысып, цехтың технологы, операторларымен бірлесе отырып, таблеткалардың тәжірибелік-өндірістік сериясын дайындауға қатыстым.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Құрметті Ардак Бисенбаевна, жауапқа қанағаттандыңыз ба?

Джумагазиева Ардак Бисенбаевна: Ия, жауаптарға қанағаттандым, рахмет.

Шертаева Клара Джолбарисовна: тақырып бойынша кімде сұрақ бар?

Орынбасарова Кулпан Кенжебаевна: рұқсат болса, менде сұрақтар бар. Таблеткалар құрамында мелоксикам мен цианокобаламиннің сандық мөлшері қалай анықталды?

Ізденуші: Кулпан Кенжебаевна, сұрағыңызға жауап беруге рұқсат етіңіз. Таблеткалар құрамындағы мелоксикам мен цианокобаламиннің сандық мөлшері УФ-спектрофотометриялық әдіспен анықталды. Әдістеме белсенді заттардың ерігіштік айырмашылығына негізделді: мелоксикам хлороформда ериді және суда ерімейді, ал цианокобаламин суда жақсы ериді және органикалық еріткіштерде ерімейді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 17 беті

Мелоксикамды анықтау үшін таблеткалар ұнтақталып, нақты өлшенген сынама 25 мл өлшемді колбаға салынды. Сынамаға хлороформ қосылып, ерітінді ультрадыбыстық моншада өңделді, кейін көлемі белгіге дейін хлороформмен жеткізіліп, сүзілді. Алынған фильтраттан аликвота алынып, қайта сұйылтылды. Дайындалған ерітіндінің оптикалық тығыздығы Cary 50 спектрофотометрінде 354 ± 2 нм толқын ұзындығында өлшенді. Бақылау ерітіндісі ретінде хлороформ қолданылды.

Цианокобаламинді анықтау үшін мелоксикам хлороформмен бөлініп алынғаннан кейін сүзгіде қалған тұнба бөлме температурасында кептірілді. Кейін тұнба сумен шайылып, 25 мл өлшемді колбаға ауыстырылды, көлемі белгіге дейін сумен жеткізіліп, мұқият араластырылды. Қажет болған жағдайда ерітінді қайта сүзілді. Дайындалған су ерітіндісіндегі цианокобаламин концентрациясы Cary 50 спектрофотометрінде 361 ± 2 нм толқын ұзындығында анықталды.

Орынбасарова Кулпан Кенжебаевна: Әдістемелерді валидациялау қандай көрсеткіштер бойынша жүргізілді?

Ізденуші: Кулпан Кенжебаевна, сұрағыңызға жауап беруге рұқсат етіңіз. Әдістемелерді валидациялау ҚР МФ және ЕАЭО фармакопеясы талаптарына сәйкес жүргізілді. Мелоксикамды және цианокобаламинді сандық анықтау әдістемелері спецификалығы, сызықтылығы, дұрыстығы, прецизиондылығы, яғни қайталанушылығы мен дәлдігі, сондай-ақ ерітінділердің тұрақтылығы бойынша бағаланды. Цианокобаламин үшін оның таблеткадағы мөлшері өте төмен болғандықтан, қосымша анықтау шегі — LOD және сандық анықтау шегі — LOQ көрсеткіштері анықталды.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Кулпан Кенжебаевна, жауаптарға қанағаттандыңыз ба?

Орынбасарова Кулпан Кенжебаевна: Иә, қанағаттандым. Рақмет!

Шертаева Клара Джолбарисовна: Менде де 2 сұрақ бар болатын, цианокобаламин дәрілік заты бойынша, бірақ сұрақ-жауап барысында екеуіне де жауап алдым. Жауаптарыңыз толық болды және сұрақ қоюшылар қанағаттанды деп ойлаймын.

Ал, енді келесі кезеңге көшейік, Салтанат Маршаловна отыруға рұқсат.

Сөз ресми рецензент Сакипова Зуриядда Бектемировна – фармация ғылымдарының докторы, профессор, «С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 18 беті

медицина университеті» КеАҚ Фармация мектебінің деканы (Алматы қ., Қазақстан) беріледі.

Сакипова Зурияда Бектемировна: Қайырлы күн!

Құрметті диссертациялық кеңес төрайымы және кеңес мүшелері!

Фармация білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған Иманалиева Салтанат Маршаловнаның «Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу» тақырыбына диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірін сіздерге ұсынамын.

Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы. Иманалиева Салтанат Маршаловнаның «Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы фармацевтік өндірістің маңызды міндеттерінің бірі – балаларға арналған дәрілік құралдар технологиясын жасау және отандық дәрілік препараттар номенклатурасын кеңейту проблемасына арналған.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында фармацевтік өндірісті дамыту бойынша «ҚР фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» өкімі (11.01.2026), бекітілген мемлекеттік бағдарламалар, қаулылар мен жоспарлардағы мақсатты бағыт – отандық дәрілік құралдар өндірісін ұйымдастыру проблемаларын шешу міндеттеріне сәйкес орындалған.

Сонымен қатар, Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында "Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу" тақырыбында тіркелген инициативті жобаға (Мемлекеттік тіркеу нөмірі: 0123РКИ0297, 23.06.2023) сәйкес дайындалған..

Диссертациялық жұмыс тақырыбы фармацевтік ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде фармацевтік өндірісті дамыту саласында орындалып жатқан жоспарларға толық сәйкес келеді.

Ғылымға маңыздылығы. Иманалиева Салтанат Маршаловнаның зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасында тұрғындарды дәрілік қамтамасыз ету тәртібін реттейтін, оның ішінде балаларды дәрілік қамтамасыз ету сұрақтары көтеріліп, нормативті құжаттарға талдау жасалып, алғаш рет балаларды дәрілік құралдармен қамтамасыз етудегі маңызды проблемаларға назар аударылған.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 19 беті

Стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік зат – мелоксикам негізінде балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген пленкалы қабықшамен қапталған таблеткаларының технологиясы жасалып, тәжірибелік - өндірістік технологиясы «Химфарм» АҚ базасында GMP талаптарына толық сәйкес апробациядан өтті. Таблеткалар аккредитацияланған «Химфарм» АҚ ғылыми зерттеу сараптама орталығында және аккредитацияланған «BioEtica» сынақ орталығында фармацевтік, биофармацевтік бақылаудан өтті, дәрілік препараттың спецификациясы дайындалды. Аналитикалық әдістемелердің валидациясы жасалып, фармакологиялық зерттеулерде арнайы белсенділігі мен қауіпсіздігі анықталды. Балаларға арналған трансдермальды пластырлердің лабораториялық технологиясы дайындалды, алғаш рет сапалық көрсеткіштері анықталды. Балаларды дәрілік қамтамасыз ету проблемаларын анықтау, балаларға арналған арнайы дәрілік құралдар технологиясын жасау және тәжірибелік-өндірістік деңгейде меңгеру фармацевтік ғылымға елеулі үлес қосады және зерттеу нәтижелерінің маңыздылығы толығымен ашылған.

Өзі жазу принципі. С.М.Иманалиеваның диссертациялық жұмысында жоғары деңгейде өзіндік тәуелсіздік принципі сақталған. Диссертациялық жұмыстың тақырыбын таңдау, зерттеулерді орындау дизайнын анықтау және алынған нәтижелерді аналитикалық талдау, экспериментальды нәтижелерді қорытындылауда диссертант ғылыми ойлау мен талдай алу қабілетін айқын көрсетеді.

Диссертант диссертациялық жұмысын ғылыми тұрғыдан негіздеп, терең кәсіби білімін, ғылыми талдау қабілеті мен мәдениетін көрсете отырып, диссертациялық жұмысты жоғары деңгейде өзі жазғаны анық байқалады.

Ішкі бірлік принципі. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі Қазақстан Республикасында балаларды дәрілік қамтамасыз ету мәселелеріне және балаларға арналған арнайы дәрілік препараттар жасау технологиясын өндірістік деңгейде меңгеру бағытында мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде орындалып жатқан жоспарларға сәйкестігімен негізделген. Балаларды дәрілік қамтамасыз ету проблемаларын амбулаториялық және стационарлық жағдайда талдай отырып, автор мемлекеттік маңызды мәселеге назар аударып отыр және бұл мәселе нормативті құжаттарды талдау нәтижелерімен нақты дәлелденген. Балаларға арналған мелоксикам дәрілік затының цианокобаламинмен үйлестірілген пленкалы қабықшамен қапталған таблеткаларының технологиясын жасау және оны тәжірибелік – өндірістік жағдайда тестілеу, мелоксикамның хондроитин сульфатымен үйлестірілген трансдермальды пластырлерінің технологиясын дайындау, дәрілік препараттарды физико-химиялық, фармацевтік, технологиялық, биофармацевтикалық және клиникаға дейінгі зерттеулер педиатриялық практика үшін дәрілік құралдар жасап шығару

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 20 беті

және өндіріске енгізу қажеттілігіне негізделген. Диссертациялық жұмыстан күтілетін нәтижелер толық технологиялық цикл принципіне негізделген, педиатриялық практика үшін арнайы балаларға арналған дәрілік препараттар жасау және ұлттық фармацевтік өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Ғылыми жаңашылдық принципі. Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде алғаш рет келесі ғылыми жаңалықтар алынды:

Қазақстан Республикасында балаларды дәрілік құралдармен қамтамасыз етудің қазіргі кездегі жағдайы зерттелді;

- балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген қабықшамен қапталған таблеткаларының технологиясы жасалды және сапалық көрсеткіштері анықталды;

балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген қабықшамен қапталған таблеткаларының тәжірибелік -өндірістік технологиясы меңгерілді,аналитикалық әдістемелердің валидациясы жасалды және дәрілік препараттың спецификациясы жасалды;

балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген қабықшамен қапталған таблеткаларын клиникаға дейінгі зерттеу жүргізілді;

балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген қабықшамен қапталған таблеткаларының жарамдылық мерзімі анықталды;

мелоксикам және хондроитин сульфаты дәрілік заттарын қолдана отырып, балаларға арналған трансдермальды пластырлер алу технологиясы жасалды және сапалық көрсеткіштері анықталды.

Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында "Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу " тақырыбында инициативті жоба тіркелді. Мемлекеттік тіркеу нөмірі: 0123РКИ0297, 23.06.2023 күні бекітілген (ҚОСЫМША А).

«Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК орталығында «Қабынуға қарсы, анальгетикалық және ыстықты түсіретін әсері бар балаларға арналған қатты дәрілік қалыптың ядросының құрамы» №9490 пайдалы модель патенті бекітілді (ҚОСЫМША Б).

Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік алынды. 2024 жылғы 23 шілде №48562 «Разработка трансдермальных пластырей с противовоспалительным, болеутоляющим действием для детей» (ҚОСЫМША В).

Негізгі қорытындылардың негізділігі. Диссертациялық жұмыста жасалған негізгі қорытындылардың барлығы ғылыми деңгейде дәлелденген ауқымды және жеткілікті зерттеулер нәтижелері негізінде жасалған.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 21 беті

Балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген қабықшамен қапталған таблеткаларының лабораториялық және тәжірибелік–өндірістік технологиясын жасау, дәрілік түрді фармацевтік, технологиялық, биофармацевтикалық, фармакологиялық зерттеу, әдістемелерді валидациялау және нормативті құжат жобасын дайындау бойынша зерттеулер жеке тарауларда қарастырылып, алынған нәтижелер жүйелі түрде қорытындыланған.

Балаларға арналған мелоксикамның хондроитин сульфатымен үйлестірілген трансдермальды пластырлер жасау технологиясы теориялық және ғылыми негізделген, пластырлердің сапасын бағалау көрсеткіштері анықталып, пластырлер алу мүмкіндігі көрсетілген.

Балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген қабықшамен қапталған таблеткаларының тәжірибелік–өндірістік технологиясының меңгерілуі, зерттеулердің аккредитацияланған ғылыми зерттеу сараптама орталығында және сынақ лабораториясында алынған нәтижелері және оқу процессіне енгізілуі қорытындылардың ғылыми деңгейде үлкен дәлелді деректерге негізделгенін айқындайды.

Сонымен, диссертациялық жұмыста жасалған барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан дәйекті, логикалық тұрғыдан жүйелі және ауқымды эксперименттік дәлелдемелермен толық негізделген деп бағаланады.

Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар. 7.1. Қорғауға шығарылып отырған қағидаттар дәлелденген.

Докторант Иманалиева С.М. қорғауға қойылған мақсатты шешуге бағытталған бірқатар қағидаттар шығарып отыр:

1-қағидат. Қазақстан Республикасында балаларды дәрілік құралдармен қамтамасыз етудің қазіргі кездегі жағдайын зерттеу нәтижелері. Бұл қағидат бойынша балаларды дәрілік қамтамасыз ету мәселесіндегі орын алып отырған проблемалар мемлекеттік қолдауды қажет ететіндігі көрсетілген.

2-қағидат. Балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген, қабықшамен қапталған таблеткаларының технологиясын жасау және сапалық көрсеткіштерін анықтау нәтижелері. Бұл қағидат таблеткалардың құрамын таңдау және лабораториялық үлгілерін алу бойынша «Қабынуға қарсы, анальгетикалық және ыстықты түсіретін әсері бар балаларға арналған қатты дәрілік қалыптың ядросының құрамы» №9490 пайдалы модель патентін алумен қорғалған. (қосымша В; қосымша Д – К)

3-қағидат. Мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген балаларға арналған қабықшамен қапталған таблеткаларының тәжірибелік–өндірістік технологиясын меңгеру және дәрілік препараттың спецификациясын жасау нәтижелері. Осы қағидат «Химфарм» АҚ базасында таблеткалардың тәжірибелік–өндірістік технологиясын апробациялаудың сынақ протоколдарымен дәлелденген (қосымша Л; қосымша М).

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 22 беті

4-қағидат. Мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген балаларға арналған қабықшамен қапталған таблеткаларының жарамдылық мерзімін анықтау және әдістемелерді валидациялау нәтижелері. Қағидат «BioEtica» ЖШС сынақ орталығында тұрақтылықты жеделдетілген сақтау мерзімінде сынау хаттамасында негізделген (қосымша Т;У;Ф;Х).

5-қағидат. Балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген қабықшамен қапталған таблеткаларының фармакологиялық белсенділігін және зиянсыздығын зерттеу нәтижелері (қосымша III) «Мелоксикам таблеткаларының қауіпсіздігі мен белсенділігін зерттеу» актісімен дәлелденген.

6- қағидат. Мелоксикам және хондроитин сульфаты дәрілік заттарын қолдана отырып, балаларға арналған трансдермальды пластырлер технологиясын жасау нәтижелері. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы (№48562 2024 жылғы 23 шілде) куәлікпен дәлелденген.

7.2. Диссертацияның негізгі қағидаттары тривиальды емес , себебі, жаңа болып табылады.

Ұсынылған қағидаттар диссертацияда бұрыннан белгілі жалпы ғылыми тұжырымдарды қайталамайды, жаңа практикалық шешімдерді ұсынады.

7.3. Негізгі қағидаттар алғаш рет алынған ғылыми нәтижелердің көрсеткіші ретінде қалыптастырылған және толығымен жаңа.

Автор алғаш рет ҚР тұрғындарын дәрілік қамтамасыз етуді реттейтін негізгі мемлекеттік нормативті құжаттарға талдау жасай отырып, балаларға арналған бірде- бір отандық дәрілік құралдың шығарылмайтынына мән аударып, осы бағыттағы дәрілік тапшылықты анықтаған. Алғаш рет стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік затпен балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген қабықшамен қапталған таблеткаларының құрамы тандалып, технологиясы жасалған. Таблеткалардың тәжірибелік-өндірістік технологиясы апробацияланып, дәрілік препараттың спецификациясы дайындалған. Мелоксикам және хондроитин сульфаты дәрілік заттарын қолдана отырып, балаларға арналған трансдермальды пластырлер технологиясын жасау және сапалық көрсеткіштерінің мәндері алғаш рет анықталып отыр.

Дәрілік түрлерді фармацевтік, технологиялық, биофармацевтикалық, фармакологиялық зерттеу нәтижесінде өндірістік деңгейде ұсыну бағытында жаңа ғылыми тұжырымдар ұсынған.

7.4. Қағидаттарды қолдану деңгейі өте кең. Қазақстан Республикасында балаларды дәрілік құралдармен қамтамасыз етудің қазіргі кездегі жағдайын талдау нәтижелері балаларды дәрілік қамтамасыз етуде орын алып отырған проблемалар мемлекеттік қолдауды қажет ететін мәселе екені көрсетілген.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес Стенограмма		044/23(1) 43 беттің 23 беті

Балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген қабықшамен қапталған таблеткаларының фармацевтік, технологиялық, биофармацевтикалық, фармакологиялық зерттеу және тәжірибелік-өндірістік технологиясының апробациядан өтуі, спецификациясы жасалынуы, Уақытша аналитикалық нормативті құжат жобасы дайындалуы таблеткаларды өндірістік деңгейде әрі қарай ұсынуға мүмкіндік береді. Трансдермальды пластырлер алудың лабораториялық технологиясы әрі қарай зерттеу мүмкіндігін көрсетеді, себебі, мұқият таңдалған құрам, дайындау технологиясы, пластырлердің сапалық көрсеткіштерінің алғаш рет нақты мәндерін анықтау тәжірибелік – өндірістік технологиясын жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, алынған зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында оқу процессіне, ғылыми-зерттеу институттары мен фармацевтік өндіріс орындарына тәжірибелік құралдар ретінде қолдануға ұсыныла алады.

7.5. Барлық қағидаттар ғылыми жарияланымдарда басылып, дәлелденген. Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны 9 ғылыми басылымдарда жарияланған: олардың ішінде 1 мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымда; 2 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған 2-ші тізімдегі журналдарда, 6 мақалалар мен тезистер халықаралық конференцияларда жарияланған.

«Қабынуға қарсы, анальгетикалық және ыстықты түсіретін әсері бар балаларға арналған қатты дәрілік қалыптың ядросының құрамы» №9490 пайдалы модель патенті алынған.

«Разработка трансдермальных пластырей с противовоспалительным, болеутоляющим действием для детей» №48562 авторлық куәлік (23.06.24) бекітілген.

Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі. Зерттеулерде қолданылған фармакопоялық, фармакопоялық емес және басқа нормативтік құжаттарда берілген жалпыға белгілі әдістер қазіргі заманғы зерттеу талаптарына негізделіп таңдалған. Балаларға арналған мелоксикамның дәрілік түрлерін дайындау халықаралық GLP ережелеріне сәйкес ұйымдастырылған аккредитацияланған «Химфарм» АҚ ғылыми зерттеу сараптау орталығында, аккредитацияланған «BioEtica» ЖШС сынақ орталығында, GMP талаптарына сәйкес өндіріс цехында стандартты операциялық процедуралар бойынша соңғы үлгідегі қондырғылар мен бақылау приборларында орындалған. Әдістемелердің таңдалу дұрыстығы оларды валидациялаумен дәлелденген, сондықтан, алынған нәтижелердің сенімділігі, жүйелі орындалуы күмән тудырмайды.

Практикалық құндылық принципі. Диссертант Қазақстан Республикасындағы балаларды дәрілік қамтамасыз етудің қазіргі кездегі жағдайына амбулаториялық және стационарлық жағдайда талдау жүргізді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 24 беті

Балаларға арналған дәрілік құралдардың номенклатурасы, арнайы дозадағы дәрілік түрлері, халықаралық патенттелмеген атауы бойынша үлесін анықтау бойынша талдау жасалды. Алынған нәтижелер осы бағытта ғылыми-білім бағдарламалар дайындау үшін теориялық маңызы бар материал ретінде қолданыла алады.

«Ауырсынуды басатын және қабынуға қарсы әсері бар трансдермальды пластырлер алу» технологиясы «ОҚМА» АҚ дәрілер технологиясы және фармакогнозия кафедрасында «Фармация» оқу бағдарламасы бойынша оқу процессіне енгізілген.

Балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген қабықшамен қапталған таблеткаларын дайындау салыстырмалы зерттеулерде таблетканың құрамын таңдау, тиімді технологиясын жасау, дәрілік препаратты стандарттау, сақтау мерзімін анықтау, әдістемелердің валидациясы, дәрілік құралдың белсенділігі мен уыттылығын анықтау нәтижелері өндіріс үшін тәжірибелік регламент дайындау үшін ұсыныла алады.

Бұл диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық қорытындылардың ғылыми-теориялық маңызын айқын дәлелдейді.

Жазу және ресімдеу сапасы. Диссертациялық жұмыс академиялық жазу талаптарына толық сәйкес орындалған. Мәтіннің құрылымы логикалық тұрғыдан жүйелі, ғылыми стиль сақталған, терминология бірізді қолданылған. Зерттеу нәтижелері нақты, дәйекті түрде баяндалып, тұжырымдар ғылыми дәлелдермен негізделген. Пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер дұрыс рәсімделген. Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған.

Диссертацияға ескертулер: Ғылыми жұмыстағы кейбір мәселелерді пысықтау үшін келесідей сұрақтар бар:

1. Мелоксикамды балаларда қолданудың қауіпсіздігі мен тиімділігі жөнінде халықаралық ғылыми әдебиеттерде қандай деректер бар? Сонымен қатар, мелоксикамның педиатриялық тәжірибеде қолданылуы шетелдік клиникалық ұсынымдарда, дәрілік формулярларда немесе реттеуші құжаттарда қарастырылған ба?

2. Өзірленген трансдермальды терапевтік жүйенің тұрақтылығы зерттелді ме? Сақтау шарттары мен сақтау мерзімінің мелоксикамның пластырьден босап шығу көрсеткіштеріне әсері бағаланды ма?

Ресми рецензенттің шешімі. Иманалиева Салтанат Маршаловнаның «Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу» тақырыбында орындаған диссертациялық жұмысы диссертация тақырыбының өзектілігі, мақсат пен міндеттердің орындалуы, жұмыстың ғылыми жаңалығы, практикалық маңызы, көлемі, жарияланымдардың толықтығы бойынша диссертацияларға қойылатын

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 25 беті

талаптарға толық сәйкес келеді, ал автордың өзі 8D10140 - «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Рахмет, құрметті Зуриядда Бектемировна!

Салтанат Маршаловна, ресми рецензентке жауап беру үшін сізге сөз беріледі.

Ізденуші: Зуриядда Бектемировна, сұрағыңызға жауап беруге рұқсат етіңіз!

1-жауап: Мелоксикамды балалар практикасында қолдану жөнінде медициналық әдебиетте әртүрлі нұсқаулық бар. Инъекциялық препараты 18жасқа дейін қолдануға болмайды, таблеткалары 12жастан бастап қолдануға болады деген нұсқаулықтар бар.

Ал халықаралық дәрілік нұсқаулықтар мен клиникалық деректерге сәйкес балаларда мелоксикамды 2жастан қолдану рұқсат етілген. Мысалы, FDA/DailyMed (АҚШ), Apollo Hospitals (Индия)-да дозаны салмағына қарай есептеп 0,125 мг/кг күніне 1 рет ювенильді артритте қолдануға көрсетілімдер бар. Ресейде де Жолобова Е.С., Гешева З.В., Цурикова Н.А., Лигостаева Е.А. және т.б. авторлардың зерттеулері ювенильді ревматоидты артритте мелоксикамның диклофенак, нимесулид сияқты препараттармен салыстыру арқылы оның тиімділігі мен қауіпсіздігін анықтап отыр. Сондықтан, қазіргі кезде мелоксикам ювенильді ревматоидты артритте дәрігердің қадағалауымен 12 жастан төмен балаларда қолдануға көрсетілімдері бар. Мелоксикам Реневам (өндіруші Ресей) таблеткалары ювенильді ревматоидты артритте 12 жастан кіші балаларда қолдану нұсқаулықта берілген. Ал, қолжетімді дозировкалары салмағы 60кг төмен пациенттерде қолдануға мүмкіндік бермейді.

2 - жауап: Трансдермальды пластырьлердің біздің зерттеулерімізде тек ғана технологиясын жасау мүмкіндігі мен сапасын бағалау жүргізілді. Зерттеу жұмысын әрі де жалғастырамыз деген жоспарымыз бар. Сондықтан, бұл ескертуіңізбен келісеміз.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Сөз екінші ресми рецензент - фармация ғылымдарының докторы, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Фармация мектебінің доценті (Қарағанды қ., Қазақстан) Итжанова Хорлан Искожиевнаға сөз беріледі.

Итжанова Хорлан Искожиевна: Қайырлы күн диссертациялық кеңес төрайымы, құрметті кеңестің мүшелері!

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 26 беті

Иманалиева Салтанат Маршаловнаның «Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының фармацевтикалық ғылымы мен өндірісін дамытуға бағытталған бағдарламалар мен кешенді жоспарлардағы өзекті ғылыми және технологиялық басымдықтарға толық сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы, мақсаты мен міндеттері, алынған нәтижелері Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыты – Өмір және денсаулық туралы ғылым бағыты бойынша орындалған.

Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған болып табылады. Себебі жаңа диссертант өзінің баяндамасында және сұрақтарға жауап беру секциясында толыққанды дәлелдеді.

Пікір жазуға ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс диссертанттың жеке ғылыми ізденісінің нәтижесі болып табылады және ғылыми жетекшінің жалпы әдістемелік кеңестері мен бағыттауы негізінде дербес орындалған.

Диссертация өзектілігінің негіздемесі: негізделген. Жұмыстың өзектілігі қазіргі фармацевтикалық ғылым мен өндірістің стратегиялық бағыттарын дамытуды көздейтін мемлекеттік бағдарламаларға толық сәйкес негізделген.

Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертациялық жұмыстың мазмұны таңдалған тақырыптың ғылыми бағыты зерттеу мақсаты мен міндеттерін толық ашады.

Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.

Осылайша, жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және оның ғылыми логикасына сәйкес келеді.

Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың құрылымы ғылыми талаптарға сай жасалып, барлық бөлімдер мен тараулар арасында мазмұндық және логикалық сабақтастық сақталған.

Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланғаны ол ішінде сыни талдау бар.

Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? Әрине толығымен жаңа.

Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толықтай жаңалыққа ие және бұрынғы зерттеулерде қарастырылмаған жаңа бағыттар мен әдістерді қамтиды.

Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? Әрине толығымен жаңа.

Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? Толығымен жаңа болып келеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 27 беті

Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.

Жоғарыда көрсетілген 9 ғылыми жарияланымдар мен зияткерлік меншік нысандары диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы негізгі қорытындылардың негізділігін дәлелдейді.

Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар дәлелденді ме? Иә өзінің баяндамасында сұрақтарға жауап беру арқылы көзіміз жетіп отыр.

Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған ба? Ия;

Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулерінің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған ба? ия; Диссертациялық жұмыстың нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми зерттеу әдістері мен мәліметтерді өңдеу және талдау әдістері, сонымен қатар компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған.

Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған ба? ия; Өйткені бұл жұмыс көп деңгейлі эксперименттермен тікелей дәлелденген.

Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Себебі диссертациялық жұмыста соңғы 10 жылда жарияланған зерттеудің тақырыбындағы саламен тікелей байланысты болып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Жалпы саны 210 дереккөзден асады. Диссертацияның теориялық маңызы барма? Ия; Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары ма? Ия;

Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма? Иә, толығымен жаңа. Айтып өткендей оқу орындарына енгізу актілермен дәлелденіп отыр.

Академиялық жазу сапасы: жоғары. Бұл диссертациялық жұмыс барлық нормативті құжаттарға сай рәсімделіп, академиялық жазу стилінде барлық нормаларды сақтай отырып орындаған.

Диссертацияға ескертулер, ғылыми жұмыстағы кейбір мәселелерді пысықтау үшін келесідей сұрақтар бар.

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік тізілімінде мелоксикамның 31 ИНН атауы көрсетілген, оның ішінде 11 инъекциялық, 19 таблетка және 3 суппозиторий. ЕАЭО дәрілік заттардың тізілімінде оның ең алдымен ересектерге арналған қолдану тізімі (қолда бар ақпарат негізінде) 16 және одан жоғары жастағы балаларға тағайындалады. Бұл даму балаларға арналған. Бұл ескерілді ме? Және қандай айырмашылықтар бар?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 28 беті

2. Таблетка-ядролардың сапасы әр модельді үлгіден алынған 10таблеткадан анықталды және нәтижелері статистикалық өңделді. Зерттеуге арналған таблеткалардың әрбір үлгісінен сынамалардың саны неліктен 10 алынғаны туралы ешқандай негіздеме жоқ. Фармакопея әдісі бойынша 20 таблеткадан анықтау қажет.

3. Бөлім 5.5. бойынша балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлескен пленкалы қабықшамен қапталған таблеткаларының сақтау мерзімін анықтау, диссертант байлық зерттеу нәтижелерін ұсынды. Диссертацияда көрсетілгендей 2 жыл бойы тұрақтылық бойынша нәтижелер неге берілмеді?

4. Неліктен диссертацияда критикалық және бақылау нүктелері көрсетілген таблетка формасын алудың технологиялық схемасы көрсетілмеген?

5. Неліктен балаларға арналған мелоксикам және цианокобаламин затына негізделген препаратты әзірлеу үшін ерітінді немесе тамшылар емес, таблетка алу үшін тікелей компрессия әдісі таңдалды?

6. Диссертация жұмысында пластырь түріндегі хондроитин сульфаты бар мелоксикам әзірленген дәрілік препараттың аналитикалық әдістерінің немесе тұрақтылық көрсеткіштерінің валидациясы туралы ақпарат неліктен ұсынылмайды?

Зерттеу тақырыбы бойынша докторант мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары және қазіргі ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді.

Ресми рецензенттің шешімі: 8D10140– «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Иманалиева Салтанат Маршаловнаның «Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысы 8D10140 – «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Рақмет, Құрметті Хорлан Искожиевна!

Салтанат Маршаловна, сізге ресми рецензентке жауап беру үшін сөз беріледі.

Ізденуші: Хорлан Искожиевна, сұрақтарыңызға жауап беруге рұқсат етіңіз!

1-жауап: Мелоксикамды балалар практикасында қолдану жөнінде медициналық әдебиетте әртүрлі нұсқаулық бар. Инъекциялық препараты 18жасқа дейін қолдануға болмайды, таблеткалары 12жастан бастап қолдануға болады деген нұсқаулықтар бар.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 29 беті

Ал халықаралық дәрілік нұсқаулықтар мен клиникалық деректерге сәйкес балаларда мелоксикамды 2жастан қолдану рұқсат етілген. Мысалы, FDA/DailyMed (АҚШ), Apollo Hospitals (Индия)-да дозаны салмағына қарай есептеп 0,125 мг/кг күніне 1 рет ювенильді артритте қолдануға көрсетілімдер бар. Ресейде де Жолобова Е.С., Гешева З.В., Цурикова Н.А., Лигостаева Е.А. және т.б. авторлардың зерттеулері ювенильді ревматоидты артритте мелоксикамның диклофенак, нимесулид сияқты препараттармен салыстыру арқылы оның тиімділігі мен қауіпсіздігін анықтап отыр. Сондықтан, қазіргі кезде мелоксикам ювенильді ревматоидты артритте дәрігердің қадағалауымен 12 жастан төмен балаларда қолдануға көрсетілімдері бар. Мелоксикам Реневам (өндіруші Ресей) таблеткалары ювенильді ревматоидты артритте 12 жастан кіші балаларда қолдану нұсқаулықта берілген. Ал, қолжетімді дозировкалары салмағы 60кг төмен пациенттерде қолдануға мүмкіндік бермейді.

- 1) Балаларға арналған мелоксикам таблеткалары цианокобаламинмен үйлестірілген, қабықшамен қапталған
- 2) Дозасы балалар үшін арналған
- 3) Асқазан-ішек жолын қорғау үшін пленкалы қабықшамен қапталған

2-жауап: Таблет-пресс ADEPT MINI PRESS «MUMBAI» (Индия) арнайы приборда престеу кезінде таблетка-ядролардың сапасын бағалау үшін 10таблетка үлгісін автоматты түрде тексеріп отырады. Ал, стандарттау үшін Фармакопея талаптарына сәйкес жүргізілді. Мысалы, салмағы 20таблеткада орындалды.

3-жауап: Балаларға арналған мелоксикамның цианокобаламинмен үйлестірілген, қабықшамен қапталған таблеткаларын сақтау мерзімін анықтау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 28 қазандағы № ҚР ДСМ-165/2020 бұйрығымен бекітілген «Дәрілік затты өндіруші дәрілік заттардың тұрақтылығын зерттеулерді, оларды сақтау және қайта бақылау мерзімін белгілеуді жүргізу қағидаларының» талаптарына сәйкес және жеделдетілген тұрақтылық зерттеулері ICH Q1A(R2) Stability Testing of New Drug Substances and Products халықаралық ұсынымдарының, сондай-ақ, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 10 мамырдағы № 69 шешімімен бекітілген дәрілік препараттар мен фармацевтикалық субстанциялардың тұрақтылығын зерттеуге қойылатын талаптардың негізінде 40 ± 2 °C температура мен 75 ± 5 % ылғалдылықта жеделдетілген жағдайда бай сақтау кезінде анықталды, 1ай, 3ай, байда тұрақтылығы бақыланып отырды. Жеделдетілген жағдайда бай сақтау табиғи жағдайда 24 ай сақтау мерзіміне сәйкес келеді. Нәтижелері диссертацияда 39-44 кестелерде берілген.

4-жауап: Ұсынысыңызбен келісеміз. Таблеткалар алудың типтік схемалары бірдей болғандықтан диссертацияда берген жоқ едік.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 30 беті

5-жауап: Балаларға арналған мелоксикамның дәрілік түрлерін жасауда ерітінді немесе тамшылар дайындау мүмкін болмады. Себебі, мелоксикам суда мүлдем ерімейді, бұл сұйық дәрілік түрлер дайындауда қиындықтар тудырады. Инъекциялық препараттар дайындауда солюбилизаторлар қосып дайындайды, мысалы, гликофуrol, меглюмин, поллоксамер 188 сияқты солюбилизаторлар қолданады.

Тікелей престоу тәсілін таңдау да мелоксикамның ерігіштігіне байланысты болды. Мелоксикам суда мүлде ерімейді. Осыған байланысты биофармацевттік классификация системасы бойынша II-класқа жатады, себебі оның сіңірілуін осы ерігіштігі шектейді. Ылғалды түйіршіктеу үшін сұйық байланыстырғыш заттар қолданылады. Ал, мелоксикам гидрофобты зат, сумен немесе басқа сұйықтықтармен ылғалданбайды. Сондықтан тікелей престоу тәсілі қолданылады.

6-жауап: Диссертациялық жұмыста лабораториялық үлгілер дайындалды. Сондықтан аналитикалық әдістер немесе тұрақтылық көрсеткіштерінің валидациясы жасалынған жоқ. Зерттеу жұмысын әрі қарай жалғастырамыз, сонда айтқан ұсыныстарыңызды орындаймыз.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Келесі сөз, ізденушінің отандық ғылыми кеңесшісі, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ дәрілер технологиясы және фармакогнозия кафедрасының профессоры, фармация ғылымдарының докторы, Азиялық ғылым академиясының академигі, Халықаралық ғылым академиясы Әзірбайжан секциясы академигі **Сагиндыкова Баян Ахметовнаға** беріледі.

Сагиндыкова Баян Ахметовна: Қайырлы күн құрметті диссертациялық кеңес төрайымы, құрметті диссертациялық кеңес мүшелері және құрметті қонақтар!

Иманалиева Салтанат Маршаловна Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриат, «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша магистратура және «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша докторантура деңгейлерінде оқуды сәтті аяқтап, осы ғылым саласында жұмысын жалғастырып келе жатқан жас маман.

Докторант орындаған диссертациялық жұмыс «Фармация» саласының маңызды проблемаларының бірі – балаларға арналған дәрілік препараттар жасау және зерттеу нәтижесінде Отандық өндіріске балалар үшін жаңа, тиімді дәрілік препараттар технологиясын ұсынуға арналған. Жалпы диссертациялық жұмыс бойынша, сіздер толық мәлімет алдыңыздар, оған тоқталмай-ақ қояйын. Негізгі жұмыстың нәтижесі, Салтанат Маршаловна GMP талаптары бойынша жұмыс істейтін Химфарм АҚ базасында лабораториялық үлгілер алды, слдан соң осы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 31 беті

Химфарм АҚ таблеткалық цехында тәжірибелік-өндірістік үлгілерін апробациядан өткізді. Аккредитацияланған Биоэтика ЖШС зерттеу орталығында толық сапа көрсеткіштерін анықтады. Стандартизациясы, валидациясы сияқты негізгі көрсеткіштерін анықтап, Уақытша аналитикалық нормативті жобасын дайындады және дәрілік препаратқа спецификация жасады.

Сонымен қатар, екінші дәрілік түр – трансдермальды пластырьлер, осы трансдермальды пластырьлер бойынша, әрине, жаңа диссертант айтты, ары қарай жұмысын жалғастыратын ойы бар, бұл жерде ол тек қана лабораториялық үлгілерін жасау мүмкіндігін және сапа көрсеткіштерін анықтау мүмкіндіктерін көрсетті.

Жарияланымдар толық талаптарға сәйкес, Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымда, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарияланған. Патент және авторлық куәліктер алынған. Диссертациялық жұмыстың материалдары инициативті материал ретінде тіркелген, сондықтан да жұмыс өте жақсы, жоғары деңгейде орындалған деп есептеймін.

Сонымен қатар, диссертант Санкт-Петербург қаласында Химия-фармацевтикалық мемлекеттік университетте ғылыми тағылымдамадан өтті. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, мақсаты, міндеттері, жаңалығы, тәжірибелік маңызы және нәтижелері докторантура білім беру бағдарламасына толық сәйкес келеді және талаптарға толық жауап береді.

Иманалиева Салтанат Маршаловна «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ғылыми жетекшісі ретінде лайықты деп есептеймін.

Назар салып тыңдағандарыңызға рақмет!

Шертаева Клара Джолбарисовна: Рақмет, құрметті Баян Ахметовна!

Сөз ізденушінің шетелдік ғылыми кеңесшісі, Ресей федерациясы, Санкт-Петербург қаласы, Санкт-Петербург мемлекеттік химия-фармацевтикалық университеті Юрий Карлович Сандер атындағы Дәрілердің өндірістік технологиясы кафедрасының профессоры, фармация ғылымдарының докторы, Каухова Ирина Евгеньевнаға беріледі.

Уважаемая Ирина Евгеньевна, вам слова для выражения отзыва. Пожалуйста.

Каухова Ирина Евгеньевна: Глубокоуважаемый председатель диссертационного совета, глубокоуважаемые члены диссертационного совета!

Диссертационная работа Иманалиевой С.М. посвящена одной из актуальных проблем фармацевтической науки и практики – разработке

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 32 беті

комбинированных детских лекарственных форм мелоксикама. В настоящее время наблюдается острый дефицит в производстве лекарственных препаратов для детей. Возможно, это связано с низкой потребностью в лекарственных препаратах для детей из-за снижения рождаемости, что является невыгодно для фармацевтической промышленности.

Производство специальных детских лекарственных препаратов в Республике Казахстан является актуальной проблемой, поскольку проведенные исследования показывают, что в стране практически не выпускаются лекарственные формы для педиатрической практики.

Иманалиева С.М. в диссертационной работе показала принципиальную возможность создания лекарственных препаратов для детей на примере получения опытно-промышленной серии комбинированных таблеток мелоксикама с цианокобаламином и разработки лабораторной технологии трансдермальных пластырей мелоксикама с хондроитина сульфатом.

Иманалиева С.М. проходила научную стажировку в Санкт-Петербургском химико-фармацевтическом университете на кафедре промышленной фармации. Докторант Иманалиева С.М. за период совместной работы проявила себя как ответственный, исполнительный и высокоорганизованный молодой ученый. Очень трудолюбива, коммуникабельна, быстро освоила программу научных исследований.

Экспериментальные исследования диссертантом выполнены на базе крупной фармацевтической компании, аккредитованных научно-исследовательских центрах и испытательной лаборатории, что повышает достоверность полученных результатов.

В научно-исследовательском испытательном центре АО «Химфарм» разработана технология комбинированных таблеток мелоксикама с цианокобаламином для детей покрытых оболочкой и в производственном цехе апробирована опытно-промышленная технология таблеток и разработана спецификация лекарственного препарата.

Установлен срок годности комбинированных таблеток мелоксикама с цианокобаламином покрытых оболочкой для детей и проведена валидация методик. Исследованы фармакологическая активность и безвредность комбинированных таблеток мелоксикама с цианокобаламином для детей.

Разработан проект нормативного документа на комбинированные таблетки мелоксикама с цианокобаламином покрытые пленочной оболочкой для детей.

Показана возможность разработки технологии трансдермальных пластырей для детей с использованием мелоксикама и хондроитина сульфата.

Результаты научных исследований диссертанта подтверждены:

- регистрацией в РГП «Национальный институт интеллектуальной собственности» патента на полезную модель №9490 «Состав ядра твердой

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 33 беті

лекарственной формы для детей, обладающей противовоспалительным, анальгетическим и жаропонижающим действием»; дата

- получением свидетельства о внесении сведений в Государственный реестр прав на объекты, охраняемые авторским правом 23 июля 2024 года №48562 «Разработка трансдермальных пластырей с противовоспалительным, болеутоляющим действием для детей»;

- регистрацией инициативного проект на тему: «Разработка и биофармацевтическое исследование лекарственных форм с нестероидным противовоспалительным препаратом для детей» в Национальном центре государственной научно-технической экспертизы. Номер государственной регистрации: 0123РКИ0297, утвержден 23.06.2023.

Диссертационная работа Иманалиевой С.М. ««Разработка и биофармацевтическое исследование лекарственных форм с нестероидным противовоспалительным препаратом для детей» по актуальности, научной новизне, практической значимости и объему выполненных исследований полностью соответствует требованиям, предъявляемым к диссертациям и может быть представлена к публичной защите, а диссертант заслуживает присвоения ей степени доктора философии (PhD) по образовательной программе 8D10140 – «Фармация». Благодарю за внимание!

Шертаева Клара Джолбарисовна: Вам тоже огромное спасибо! Благодарим!

Шертаева Клара Джолбарисовна: Ғылыми кеңесшілерге сұрақтарыңыз бар ма? Сұрақтар жоқ.

Осылайша, барлық пікірлер оң шешімді, рақмет. Барлық пікірлерді ізденушінің жеке іс құжаттарына тіркеуді ұсынамын. Осы ұсынысты кім қолдайды? Дауыс берулеріңізді өтінемін.

Дауыс беру нәтижесі:

Қолдағандар: __БАРЛЫҒЫ__

Кім қарсы? Қарсы болғандар жоқ.

Кім бас тартты? бас тартқандар жоқ.

Клара Джолбарисовна: Диссертациялық жұмысты талқылауға өтеміз.

Диссертациялық кеңестің құрметті мүшелері! **Кім бейресми оппонент** ретінде сөз сөйлегісі келеді?

Клара Джолбарисовна: сөз фармация ғылымдарының докторы, профессор Ордабаева Сауле Кутимовнаға беріледі.

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 34 беті

Ордабаева Сауле Кутимовна: рақмет құрметті Клара Джолбарисовна! Бүгінгі диссертациялық кеңес мүшелері, құрметті оппонентер, ғылыми кеңесшілер!

Менің айтайын дегенім, алдында диссертант айтып кеткендей, бүгінгі тақырыптың маңыздылығы өте зор, өйткені Қазақстан Республикасының формулярында балаларға арналған дәрілік түрлердің жоқтығы, екіншіден, балаларға арналған дәрілік түрлердің ассортименті өте төмендігі. Қазақстанның фармацевтикалық нарығында, сонымен қатар таңдалған нозология – қабынуға қарсы нозология, маңызды бағыт. Өйткені, балалардан бастап, қабыну процесі дамиды, сондықтан актуальды бағыт деп есептеймін. Таңдалған стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттың өзі – мелоксикам, фармакологиялық әсері жоғары болғанымен, жанама әсерлері де бар, сол жанама әсерлерді ескере отырып, диссертантымыз комбинирленген дәрілік түрлер таңдаған. Оның ішінде В витаминдер тобы көптеген стенобиотиктердің жанама әсерлерді төмендеті отырып, сонымен қатар фармакологиялық әсерін потенциялейді. Оның үстіне бұл витаминдер гепатотоксинді, невротоксинді, полиневриттерді төмендетеді. Мұның бәрін зерттеп, Салтанат Маршаловна жұмыстың маңызын жоғарылатады. Асқазан-ішек жолдарына әсері бәрімізге белгілі, сондықтан пленкалы қабықшамен қаптаған, трансдермальды формасы да осы негізгі ерекшеліктерді ескеріп дайындалғаны өте орынды деп есептеймін. Сапасын бағалау сұрақтарына келетін болсақ, комбинирленген препараттардың сапалық, сандық, басқа да көрсеткіштерін анықтау ол оңай емес, себебі ондағы компоненттер бір-біріне кедергі келтіреді, сондықтан физико-химиялық қасиеттерін өте ұқыпты зерттеп барып, талдау әдістерін таңдау керек. Технологиялық әдістерге келетін болсам, сапалық көрсеткіштерін талдау әдістерін таңдау артық деп есептеймін, бірақ Салтанат Маршаловна сапалық, сандық көрсеткіштерін анықтаған, ол әдістерді валидациялаған: дұрыстығы, сезімталдығы, алынған нәтижелердің барлығының валидирленгені жұмыстың маңыздылығын зор етіп көрсетіп отырады.

Сонымен қатар, жұмыс Баян Ахметовнаның жетекшілігімен классикалық технологиялық жұмыс қой, мұндай классикалық технологиялық жұмыстарда дәрілік түрлерді жасау жұмыстарын біз сирек тыңдаймыз, сирек кездесеміз, сондықтан, 2 жетекшіге де рахметімді айтқым келеді, біздің фармация саласына, фармация ғылым саласына осындай жақсы-жақсы жұмыстар жасап жатқандарыңызға. Маңыздылығы бойынша фармация нарығына жаңа препарат келіп жатса, әрине бұл тез келе қоймайды, әлі клиникалық, көптеген зерттеулерден өту керек, уақыт керек, қаржы керек, оның бәрін мүмкін Салтанат Маршаловна постдокторантурада мүмкін істейтін шығар. Енді, өзіміздің нарыққа балаларға арналған жаңа препарат келіп жатса, жақсы жетістік деп

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 35 беті

есептеймін. Сонымен қатар, біздің Қазақстанның ғалымдар базасына жас, өте перспективті жас ғалым кірейін деп отыр. Сол үшін осы жұмысты барлықтарыңыздың қолдауларыңызды сұраймын және өзімді де қолдайтынымды айтқым келеді. Рақмет!

Шертаева Клара Джолбарисовна: Рақмет, Сауле Кутимовна! Тағы да пікірталас. Жұмыс өте қызықты, талқылауға сөз беріледі.

Картбаева Эльмира Бекболовна: Ия төрайым, бүгінгі жұмыс өте қызықты болды. Иманалиева Салтанат Маршаловнаның «Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы бойынша бүгін біз үлкеен жұмыс жасағанын көріп отырмыз. Өте ауқымды, өзекті жұмыс жасалған. Зерттеу барысында ізденуші Қазақстан Республикасындағы балаларды дәрілермен қамтамасыз ету жағдайларын жан-жақты зерттеген, фармакоэкономикалық зерттеу жасаған. Яғни, фармацевт, таза фармацевт ретінде фармакоэкономикаға мән берген, технологияға мән берген, дәрілік препараттың сапасын қадағалаған, стандартизациясын жасаған. Тұрақтылығын зерттеген және лабораториялық барлық зерттеулерді жүргізген. Өте жақсы жұмыс деп есептеймін және жұмыстың нәтижелері тәжірибелік-өндірістік апробациядан өткен. Мақалалар шыққан, патент алынған, авторлық куәлік алынған – бұл өте үлкен нәтиже. Енді, болашақта клиникалық зерттеулермен жалғасады деп ойлаймын, біздің Қазақстан Республикасының отандық нарығында елеулі орын алатын педиатриялық препарат болады деп сенемін. Сізге сәттілік және әріптестерді қолдауға шақырамын. Рақмет!

Шертаева Клара Джолбарисовна: Рақмет, Эльмира Бекболовна! Тағы да сөз сөйлеуші бар ма?

Максудова Фируза Хуршидовна: Уважаемая председатель, уважаемые члены совета, я очень рада присутствовать на вашем совете. Все рецензенты огласили уже о диссертационной работе. Я вкратце хочу рассказать, я знаю Иманалиевой Салтанат, она у нас экспериментировала, мы вместе ходили в фармацевтический комитет, который имеется GLP сертификат, который на вопросе ответила. Все эксперименты она сама делала, эксперименты проводили и наши сотрудники помогали. Поэтому именно экспериментальную часть по таблеткам и трансдермальным пластырям проводила сама, мы можем документально доказать, также в свое время передали оригинал документы.

Я хочу поздравить Баян Ахметовну, желаю дальнейшего сотрудничества, удачи диссертантке и всех коллег прошу указать только положительные выводы.

OŇTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 36 беті

Шертаева Клара Джолбарисовна: Спасибо! Еще есть кто?

Джумагазиева Ардак Бисенбаевна: Я также хотела выразить свое мнение, на самом деле, работа проводилась очень интересная, разработка комбинированных препаратов это всегда сложно с той стороны, что два активных ингредиента они могут взаимодействовать, химические взаимодействия. И это может привести к различным сценариям, это и подавления, и как активные усилители.

Я считаю диссертант справилась с задачей, разработала два комбинированных препарата: и таблетки, и трансдермальные системы. В целом работа проводилась очень большая, и биофармацевтические исследования, и доклинические исследования были проведены. Я считаю что, работа положительно может оценена и призываю всех поддерживать. Спасибо!

Шертаева Клара Джолбарисовна: Спасибо, Ардак Бисенбаевна!

Если нет других желающих, я тоже хотела присоединиться, поддержать всех выступающих в том плане, что тема по актуальности, по новизне, по результатам и по манере изложения соответствует предъявляемым требованиям к такому виду работам и призываю всех поддержать данную работу.

Если мнения прекратились, перейдем на следующий этап нашей работы.

Құрметті әріптестер! Жұмысты талқылау аяқталды, құпия дауыс беруді бастауымыз қажет.

Дауыс беруге диссертациялық кеңестің тұрақты және уақытша мүшелері, сондай-ақ екі ресми рецензент қатысады. Жасырын дауыс беру жазбаша түрде өткізіледі. Диссертациялық кеңестің әрбір мүшесі өз шешімін арнайы бюллетеньде белгілейді де, оны жәшікке салады.

Диссертациялық кеңес **келесі шешімдердің** біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:

- 1) философия докторы (PhD) бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертация пысықтауға жіберілсін;
- 3) диссертация қайта қорғауға жіберілсін;
- 4) философия докторы (PhD) бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Салтанат Маршаловнаның диссертациялық жұмысы бойынша құпия дауыс беру үшін, Бізге құрамында **үш адам болатын санақ комиссиясын** сайлау керек.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 37 беті

Санақ комиссиясын мына құрамда сайлауды ұсынамын:

Төрайым: Умурзахова Галия Жанбурбаевна

Мүшелері: Максудова Фируза Хуршидовна
Джумагазиева Ардак Бисенбаевна

Шертаева Клара Джолбарисовна: Санақ комиссиясының аталған құрамына ешкім қарсы емес пе, дауыс берулеріңізді өтінемін.

Дауыс беру нәтижелері:

Қолдады **БАРЛЫҒЫ**

Кім қарсы? Қарсы болғандар жоқ.

Кім бас тартты? Бас тартқандар жоқ.

Санақ комиссиясының құрамы бірауыздан бекітілді.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Санақ комиссиясы өз жұмысын бастайды. **Жасырын дауыс беру үшін үзіліс жарияланады (5 минут).**

Орынбасарова Кулпан Кенжебаевна: Аса құрметті диссертациялық кеңес төрайымы және диссертациялық кеңес мүшелері! Белгіленген бюллетендерді дауыс беретін жәшікке салуыларыңызды сұраймын.

Диссертациялық кеңес мүшелері дауыс беріп болған соң, санақ комиссиясы дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін, залдан шыға тұруларыңызды сұранамын.

Үзілістен кейін

Шертаева Клара Джолбарисовна: Диссертациялық кеңестің жұмысы одан әрі жалғасады. Құпия дауыс беру нәтижесін жариялау үшін санақ комиссиясының төрайымы Умурзахова Галия Жанбурбаевнаға сөз беріледі.

Санақ комиссиясының төрайымы – Умурзахова Галия Жанбурбаевна: Аса құрметті диссертациялық кеңестің төрайымы, аса құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, құрметті рецензенттер, құрметті қонақтар, әріптестер!

**8D10140-«Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша
диссертациялық кеңес сайлаған есеп комиссия мәжілісінің**

№4 хаттамасы

18 маусым 2026 жыл.

Сайланған комиссия құрамы:

Төрайым: Умурзахова Галия Жанбурбаевна

Мүшелері: Максудова Фируза Хуршидовна

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 38 беті

Джумагазиева Ардак Бисенбаевна

Комиссия философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған Иманалиева Салтанат Маршаловнаның диссертациялық жұмысы бойынша жасырын дауыс беру кезіндегі дауыс санын есептеу үшін сайланды.

Диссертациялық Кеңестің құрамы 7 адам санымен бекітілді. Кеңес құрамына қосымша дауыс беру құқығы бар 2 адам енгізілді, яғни олар ресми рецензенттер. Мәжіліске Кеңестің 9 мүшесі, оның ішінде қаралған диссертация саласы бойынша 5 ғылым докторы қатысты.

Иманалиева Салтанат Маршаловнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беру бойынша дауыс беру нәтижесі төмендегідей:

«философия докторы (PhD) дәрежесін беру» - _9_,

«диссертация пысықтауға жіберілсін» - _0_,

«диссертация қайта қорғауға жіберілсін» - _0_,

«философия докторы (PhD) дәрежесін беруден бас тарту» - _0_,

Осылайша дауыс беру нәтижесі шығарылды. Назарларыңызға рақмет! Салтанат Маршаловна, құттықтаймыз!

Есеп комиссиясының төрағасы және мүшелері хаттамаға қол қойды.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Санақ комиссиясының хаттамасын ашық дауыс беру арқылы бекітуге ұсыныс түсіп жатыр. Аталған ұсынысқа дауыс берулеріңізді сұраймын.

Кім қолдады - БАРЛЫҒЫ

Кім қарсы? – жоқ.

Кім бас тартты? – жоқ.

Санақ комиссиясының хаттамасы бірауыздан бекітіледі.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Құрметті Иманалиева Салтанат Маршаловна! Сізді және сіздің ғылыми кеңесшілеріңізді ресми түрде сәтті қорғаумен құттықтаймыз! Сізге қорытынды сөз беріледі.

Ізденуші: Құрметті Диссертациялық Кеңес төрайымы!

Құрметті Диссертациялық Кеңес мүшелері!

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы жанындағы диссертациялық Кеңеске, Кеңес төрайымына Диссертациялық жұмысымды қорғауға мүмкіндік бергені үшін үлкен алғысымды білдіремін! Ғылыми кеңесшім – фарм.ғ.д, профессор Сағындықова Баян Ахметовнаға жұмысты орындау кезіндегі ғылыми жетекшілігіне, кәсіби көмегіне зор алғысымды айтамын.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 39 беті

Зарубежному научному консультанту – доктору фармацевтических наук, профессору Кауховой Ирине Евгеньевне за постоянную помощь, консультацию диссертации и за доброжелательное отношение.

Ресми рецензенттерім – ф.ғ.д., профессор Сакипова Зуриядда Бектемировнаға және ф.ғ.д., қауымдастырылған профессор, ҚР Мемлекеттік Премиясының лауреаты Итжанова Хорлан Искожиевнаға диссертациялық жұмысқа оң баға беріп, объективті бағалағандары үшін үлкен алғысымды білдіремін.

Диссертациялық кеңес мүшелеріне диссертациялық жұмысқа объективті баға беріп, қолдағандарыңызға үлкен рахмет айтамын.

Шертаева Клара Джолбарисовна: Рақмет, Салтанат Маршаловна!

Диссертациялық кеңес «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының» АҚ Диссертациялық кеңес туралы ережесіне сәйкес Сізді Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетіне философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынады.

Диссертациялық кеңестің құрметті мүшелері, сіздерді диссертациялық кеңес қорытындысының жобасы бар. Онымен мұқият танысуларыңызды өтінемін.

Қандай ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңыз бар?

Ескертулер жоқ па? Жоқ.

Жобаны толығымен бекіту туралы ұсыныс түсті.

Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Қолдады - 9 .

Қарсы - 0 .

Бас тартты - 0 .

Қорытында бірауыздан қабылданды. Рақмет!

ҚОРЫТЫНДЫ

Шертаева Клара Джолбарисовна: Диссертациялық кеңестің құрметті мүшелері! Диссертациялық жұмыстың жіктеу белгілерін талқылауға өтеміз.

1. Диссертация нәтижелерінің сипаты

1.1 Теориялық ережелер, олардың жиынтығы сәйкесінше ғылыми бағытты дамытудағы жаңа ірі жетістік ретінде квалификациялануы мүмкін.

1.2 Маңызды әлеуметтік-мәдени, экономикалық немесе саяси маңызы бар ғылыми мәселені шешу.

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 40 беті

1.3 Іске асырылуы қоғамның ғылыми-техникалық прогресін жеделдетуге елеулі үлес қосатын ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер.

Кім қолдайды? Бірауыздан _1.1._ пункт бекітілді.

2. Диссертация нәтижелерінің жаңашылдық деңгейі

2.1 Нәтижелер жаңа

2.2 Таңдалған нәтижелер жаңа емес

2.3 Нәтижелердің көпшілігі жаңа емес

Кім қолдайды? Бірауыздан _2.1._ пункт бекітілді.

3. Диссертация нәтижелерінің құндылығы

3.1 Жоғары

3.2 Қанағаттанарлық

3.3 Қанағаттанарлықсыз

Кім қолдайды? Бірауыздан _3.1._ пункт бекітілді.

4. Диссертация тақырыбының жоспарлы зерттеулермен байланысы

4.1 Тақырып мемлекеттік және аймақтық ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларға немесе халықаралық зерттеу бағдарламаларына енгізілген

4.2 Тақырып іргелі зерттеулер бағдарламасына, салалық бағдарламаға, ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарының жоспарларына енгізілген.

4.3 Инициативті жұмыс

Кім қолдайды? Бірауыздан _4.2._ пункт бекітілді.

5. Қолданбалы маңызы бар диссертацияның нәтижелерін енгізу (пайдалану) деңгейі

5.1 Халықаралық (сатылған лицензиялар, алынған халықаралық гранттар)

5.2 Салааралық деңгейде

5.3 Жалпы сала бойынша

5.4 Ұйым ішінде

Кім қолдайды? Бірауыздан _5.3._ пункт бекітілді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)
Стенограмма		43 беттің 41 беті

6. Қолданбалы маңызы бар диссертация нәтижелерін кеңінен пайдалану жайындағы ұсыныстар

6.1 Ұзақ пайдалануды талап етеді

6.2 Ұзақ пайдалануды қажет етпейді

Кім қолдайды? Бірауыздан _6.1._ пункт бекітіледі

ҚАУЛЫ ЕТТІ

Шертаева Клара Джолбарисовна: Осылайша, Диссертациялық кеңес бірауыздан дауыс берді және тиісті қорытынды Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберіледі.

Диссертациялық кеңестің қорытындысын хабарлауға рұқсат етіңіздер, ол хаттамада көрсетіледі. Қорытынды мынадай редакцияда ұсынылсын:

«Стероидты емес қабынуға қарсы препараттың балаларға арналған дәрілік түрлерін жасау және биофармацевтикалық зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежені беру туралы ережесіне» сәйкес дайындалған.

Ғылыми пікірталас, көпшілік алдында қорғау және жасырын дауыс беру негізінде «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының» АҚ 8D10140 – «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес, Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетіне Иманалиева Салтанат Маршаловна философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылсын.

Салтанат Маршаловна, сізді Диссертациялық кеңестің бұл шешімімен жиналғандардың атынан құттықтауға рұқсат етіңіз!

Қорытындылай келе, бүгінгі Диссертациялық Кеңестің өткізілуіне Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы АҚ ректоры Сейтжанова Жанна Серікжановнаға Фармация диссертациялық кеңесінің қолдау білдіргені үшін алғысымызды білдіреміз. Және жиналысқа қатысушылардың барлығына, уақытша мүшелерге, ресми рецензенттерге алғыс айтамын:

Максудова Фируза Хуршидовнаға, Джумагазиева Ардак Бисенбаевнаға, Картбаева Эльмира Бекболовнаға, Сакипова Зуриядда Бектемировнаға, Итжанова Хорлан Искожиевнаға. Сонымен қатар диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері: Сауле Кутимовнаға, Кулпан Кенжебаевнаға, Галия Жанбурбаевнаға!

Ғылыми кеңесшілер Баян Ахметовнаны, Шетел ғылыми кеңесшісі Евгеньевнаны осы шешімімен құттықтауға рұқсат етіңіздер!!!!

OҢTҮSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
8D10140 «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес		044/23(1)	
Стенограмма		43 беттің 42 беті	

Шертаева Клара Жолбарисовна: Диссертациялық кеңестің жұмысы бойынша ескертулер бар ма? Ескертулер жоқ.

Диссертациялық кеңестің құрметті мүшелері, құрметті рецензенттер, әріптестер, қонақтар! Жұмыс барысындағы белсенділіктеріңізге көп рақмет!

Осымен диссертациялық кеңестің мәжілісі жабық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

Диссертациялық Кеңестің Төрайымы  Шертаева К.Д.

Диссертациялық Кеңестің ғалым хатшысы

